

ҮКІМЕТ МИЛЛИАРД БЕРДІ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



НӘЛІБАЕВҚА РИЗАМЫН...



Бүгінгі таңда Қызылорда облысының экономикасы мен мәдениеті дамып, қай қырынан алып қарасаң да тыныс тіршілігі өркендеп, аймақ ел бойынша көш басында келеді. Әлгі “Апам да аң-таң, мен де аң-таң” дегендей өірде соңғы уақыттары болып жатқан өзгерістерге бәріміз таңғалып отырмыз. Мәселен, қысқа мерзімде «Жайлы мектеп» жобасы аясында бірнеше жаңа мектептер салынып пайдалануға берілді. Облыстық тарихи-өлкетану музейі, Физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі, Балаларға базарлық: аттракциондар паркі, «Сыр жұлдызы» шығармашылық-инновациялық академиясы, Оқушылар сарайы, Жаңақорғандағы балаларға арналған оналту орталығы, барлық аудандардағы Руханият орталықтары, өндірістен де құр алақан емеспіз – Кірпіш зауыты, елді мекендерлері дәрігерлік пункттер ел игілігіне жарап отыр.

Енді жаналан алып ЖЭО, Стадион, Президент саябағы пайдалануға беріледі деп ел болып күтіп отырмыз.

Соңғы уақыттағы осындай жаңалықтарды естіп, біліп, көріп отырып үнсіз қалуды жөн санамадым. Сыр бойын осындай деңгейге жеткізген, ел мақтанышына айналдырған облыс басшысы Нұрлыбек Мәшбекұлы Нәлібаевтың еңбегіне риза болып, оған осы ел ақсакалы ретінде отбасына қыдыр дарып, басына мәңгі бақ қонсын деген тілек айтып, бата берудің ешқандай өрескелдігі жоқ қой деп ойлаймын.

ШЫҢҒЫС АЙБОСЫНОВ
Жалағаш ауданының Құрметті азаматы

ШЕРМАҒАНБЕТ ҚАЗАЛЫДАН ҚАЙТЫП ОРАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне, кадрлық өзгерістерге орай актив отырысы өтті. Оған Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, зиялы қауым өкілдері және құқық қорғау органдарының басшылары қатысты. Жиында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша облыс әкімінің өкімімен облыс әкімінің орынбасары болып Шермағанбет Мейрамбек Зинабдинұлы тағайындалғаны хабарланды.

Мейрамбек Зинабдинұлы 1972 жылы дүниеге келген. Еңбек жолын 1994 жылы орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі ретінде бастаған. Өр жылдары білім, тілдерді дамыту басқармаларының, Қызылорда облысы бойынша білім саласындағы бақылау департаментінің басшысы, Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімі, Ақтөбе, Қызылорда облыстары әкімдерінің орынбасары жауапты қызметтерін абыроймен атқарған. 2024 жылдың ақпан айынан бастап осы кезге дейін Қазалы ауданының әкімі лауазымында болды.

Аймақ басшысы Мейрамбек Зинабдинұлына өңіріміздің қоғамдық-саяси ахуалын қатаң бақылауда ұстап, білім, мәдениет, спорт, дін, қоғамдық даму салаларындағы жұмыстарды жүйелі жүргізуді тапсырды.

Актив отырысында Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Сейткалиұлы, Руслан Рүстемұлы, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбайұлы құттықтау сөз сөйледі.

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқарып келген Шахмардан Асқарұлы Байманов Іскерлік басқару магистрі бағдарламасы аясында бизнес мектебіне оқуға түсуіне байланысты осы лауазымнан босатылды.

Жиында Шахмардан Асқарұлына Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына қосқан елеулі үлесі үшін облыстың ең жоғары марапаты – Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Ол қызмет барысында білім, мәдениет, спорт, дін және қоғамдық даму салаларына жетекшілік етті. Аймақтағы қоғамдық-саяси ахуалды



тұрақты бақылауда ұстап, саяси партиялармен, қоғамдық ұйымдармен, жастар қозғалыстары және діни конфессиялармен тығыз байланыс орнатты. Мемлекет басшысы қолға алған саяси реформалардың өңірде жүзеге асырылуын тиімді үйлестірді.

АУА РАЙЫ МА ЖАҚПАҒАН?..

Қызылорда облысы әкімі Н.Нәлібаевтың командасына бұдан 3 жыл уақыт бұрын облыс әкімі аппарат басшысы болып тағайындалып, осыдан тура бір жыл бұрын облыс әкімінің орынбасары болып көтерілген Шахмардан Асқарұлы Байманов ың-шыңсыз, әңгіме, сөзсіз өз еркімен қызметтен кетті. Әдетте мұндай лауазымды қызметтегілер жоғарылап, Астанаға қызмет ауыстырады. Әйтпесе, облыс әкімі сенімінен шыға алмай қалады, немесе халық ренжулі болады.

Шахмардан Асқарұлы қай қызметте жүрсе де сыз жерді баспады, ақырын жүріп, анық сөйледі. Ішті, жеді, біреуден бірдене алды деп соңынан әңгіме айтылмады. Неде болса, тәуір қызметінен кеткен себебі белгісіз Ш.Баймановтың барар жері беймәлім болғанымен 40 жастың қырқасына шығып тұрған оның жерде қалмасы анық...

Бәлкім, ауа райы ма жақпаған... Кім білген...

Р.С. Ресми ақпарат көзінен белгілі болғанындай Ш.Байманов бизнес мектебіне оқуға түсіпті. Демек мемлекеттік қызметпен қош айтысты?..

2005 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ректорының жастар істері жөніндегі көмекшісі. 2007-2008 жылдары Қызылорда облысының «Жастар бастамаларын дамыту орталығы» қауымдастығының атқарушы директоры, 2008-2012 жылдары «Қазақстан жастары конгресі» заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директорының орынбасары, атқарушы директоры. 2012-2015 жылдары Ақмола облысының Жастар саясаты мәселелері басқармасы басшысының м. а., басшысы, 2015-2017 жылдары «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының төрағасы. 2017-2019 жылдары Қызылорда қаласы әкімі орынбасарының міндетін атқарушы, қала әкімінің орынбасары болған.

2019 жылы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті төрағасының орынбасары. 2020-2022 жылдары Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы. 2022 –2024 жылдары Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы, одан кейін облыс әкімінің орынбасары қызметерін атқарды.



Ресми ақпарат: Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың аграрлық секторды тұрақты түрде сумен қамтамасыз ету бойынша берген тапсырмасын іске асыру аясында Үкімет резервінен Қызылорда облысының қажеттіліктері үшін 53 жылжымалы дизельді сорғы стансын сатып алуға шамамен 1 млрд теңге бөлінді. Премьер-министр Олжас Бектенов тиісті қаулыға қол қойды.

Мамандардың есебінше, жаңа жабдық магистральді арналарда су деңгейі төмен болған күннің өзінде 6 мыңнан астам гектар жерді суарып тұруға мүмкіндік береді. Сорғы стансалары магистральді және шаруашылықтар аралығындағы арналардан ішкі шаруашылық желілеріне су жіберу үшін қолданылады.

Өңірде 126,4 мыңнан астам гектар жерге суармалы егін егілген, оның 82,4 мың гектары күріш. Ағымдағы суару маусымында жоспарланған су көлемі 2,5 млрд текше метр құрайды.

Облыс әкімдігі «Қазсуар» РМК-нің Қызылорда филиалымен бірлесе арнайы мониторинг тобын жасақтап, Сырдариядан келіп жатқан су көлеміне сәйкес, бес магистральді және үш шаруашылықтар аралығындағы арналарға су беру кестесін әзірлеп, бекітті.

Қызылорда облысының агроөнеркәсіптік кешені трансшекаралық су ресурстарына тікелей тәуелді екенін ескере отырып, өңірді тұрақты түрде сумен қамтамасыз етіп, астық өнімділігін және азық-түлік қауіпсіздігін сақтау мемлекеттің басты міндеті боп қалады.

Күні кеше Су ресурстары және ирригация Министрі Жаңақорған мен Шиелідегі егіс алқаптарын аралап кетті. Жалпы Су Министрі Н.Нұржігітов биылғы жылы министрлер арасында Сыр бойына жиі келген, тіпті қайта-қайта келген министр. Ресми ақпарат бойынша бұл жолы да Нұржігітов текке келмей, Жаңақорған, Шиелі аудандарына барып, өңірдегі суармалы егіс алқаптарының жағдайымен танысқан.

Биыл аймақта 189,6 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның 80,9 мың гектары – күріш, бұл жалпы егіс көлемінің 42,6 пайызы. Қалғаны – суды аз қажет ететін майлы, малазықтық дақылдар, сондай-ақ картоп, көкөніс және бақша өнімдері.

Алқаптарды сумен қамтамасыз ету мақсатында облыс бойынша 324 насос қондырғысы іске қосылған. Оның 25-і Төтенше жағдайлар министрлігінің қолдауымен жеткізілді.

Шиелі ауданында 32 012 гектар алқапқа егін егілген. Басым бөлігін дәнді және малазықтық дақылдар құрайды. Сонымен қатар картоп, көкөніс, бақша өнімдері де бар. Күріш көлемі 12 300 гектар.

Аудандағы 161 шаруашылықтың 118-і күріш өгүмен айналысады. Қазіргі таңда 24 шаруашылық құрылымының алқаптарында 56 насос қондырғысы күріштіктерді суаруға пайдаланылуда.

Ал Жаңақорған ауданында ауыл шаруашылығы дақылдары 35 453 гектар жерге егілген. Мұнда да дәнді, малазықтық және бақша дақылдарының үлесі басым. Күріш егістігі 7 300 гектар.

Аудан бойынша егін шаруашылығымен 460 шаруашылық айналысса, соның 243-і күріш өсіреді. Жергілікті шаруашылықтардың су тапшылығы мәселесін шешу мақсатында 39 насос қондырғысы орнатылған. Қазір 10 шаруашылықтың алқаптарында 24 насос іске қосылып, күріш және көкөніс, бақша дақылдары суарылуда.

Үкіметтің көктем басындағы су мәселесіне арналған алқалы жиынында биылғы жылы судан тапшылық көретін аймақтар қатарында аталған Сыр бойына Су министрінің көп келісі осындай олжалы болды. Су Министрі арқылы Үкіметке Сыр бойындағы су тапшылығы жағдайын жеткізе білген аймақ басшысы Н.Нәлібаевтың нәтижелі еңбегі дихан қауымы үшін 6 мыңнан астам жерді сумен қамтуға мүмкіндік болып отыр.

Сыр бойындағы су тапшылығын азайту мақсатында Үкіметтен 1 млрд. теңге бөлінгеннен 1 күн бұрын аймақ басшысының төрағалығымен облыс әкімдігінің жиыны болып өтті. Жиында облыс әкімі Н.Нәлібаев: «Өңіріміздегі биылғы вегетациялық кезең өте күрделі жағдайда өтуде. Егінге қажетті су көлеміне сұраныс ең жоғары деңгейге жетті. Аталған мәселе бойынша күні кеше Үкімет басшысының қабылдауында болып, жағдайды баяндадым. Олжас Абайұлы Қырғызстан, Өзбекстан Республикаларының Премьер-министрлерімен сөйлесіп, арнайы Үкіметтік делегацияны жіберді. Көрші елдер көмектесетіндіктерін айтты. Бұл – Президентіміздің, Үкімет басшысының өңірімізге деген үлкен қолдауы.

Енді біз қолда бар мүмкіндіктерді пайдалануымыз қажет. Егінді су тапшылығы жағдайында белгіленген кестеге сәйкес кезектестіріп суаруды ұйымдастырыңыздар. Қолда бар насостардың тұрақты жұмысын тиісті талаптарға сәйкестендіру керек. Келген суды шаруашылықтар арасында әділ бөлуді үйлестіріңіздер. Күзде мал суаттарына қатысты туындауы ықтимал мәселелердің алдын алу үшін тиісті шаралар қабылдаңыздар - деп тиісті сала басшыларына нақты тапсырма берді.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Қызылорда қаласы әкімі Нұржан Ахатов Білім беру ісінің үздігі Мәдина Өліпбаеваны қабылдап, ардагер ұстазды 80 жас мерейтойымен құттықтады.

Басқосуда білім саласының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Мәдина Нұрасылқызына Қызылорда қаласының ең жоғарғы марапаты – “Құрмет грамотасы” табысталды.



– Ұстаз еңбегі – өлшеусіз еңбек. Сондықтан ұстаздың қоғамда қашан да орны ерекше, абыройы биік. Өңірімізде де ардагер ұстаздарымызды ұлықтап, олардың еңбек жолын жастарға үлгі ету қашаннан қалыптасқан үрдіс. Соның бірі – парасатты педагог Мәдина Нұрасылқызы бүгін құрмет төрінде.

Мерейтой иесі еңбек жолын қаладағы №6 балалар бақшасында тәрбиешіліктен бастап, №212 орта мектебінде мұғалім, 1972-1976 жылдары Қазақстан ЛКСМ Қызылорда қалалық комитетінің хатшысы болды. Мұнан кейінгі жылдарда №140 орта мектебі директорының орынбасары, Ғ.Мұратбаев атындағы №171 орта мектебінің директоры қызметтерін абыроймен атқарды. Өзінің ұзақ жылғы ұстаздық жолында мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, олар еліміздің дамуына атсалысып жатқан айтулы азаматтарға айналды. Ерен еңбегіне сай ұлағатты ұстаз «ҚР Білім беру ісінің үздігі» атанды. Қаламыздың зор құрметке ие қадірлі ардагеріміздің қатарынан саналады.

Мерейтой қуанышында Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға бақ-береке тілейміз, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Мерейлі күннің құрметінде ардагерлер атынан қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шакизат Төребаев, әріптестерінен ардагер-ұстаз Гүлзия Оспанова, отбасылық досы Сайлаубай Әбішев ақжарма тілегін жеткізді. Сондай-ақ, шәкірті, «Отбасы банк» АҚ облыстық филиалының басшысы Әділжан Сәулебаев ұстазға құрметін әсем гүл шоқтарымен, әсерлі сөзімен жеткізді.

АҚЖҮРЕК ЖАЙСАҢ АҒА ЕДІ

Отыз жылдан астам өткізген саяси-қоғамдық өмір жолымда талай адаммен әріптес, жолдас, дос болдым. Олардың барлығы есте қалған жоқ. Тек қана бірен-саран әріптес, жолдас болған адамдармен көп жылдар бойы әртүрлі өмір, саяси-қоғамдық іс кезендерін бірге атқарып, дос, сырлас, майдандас серік болдым. Сондай кісілердің біреуі – кеше ғана өмірден өткен Жаксыбек Егізбайұлы еді.

Жаксыбек ағамен өткен ғасырдың 90-жылдарының басында таныстым. Сол жылдар, дәлірек айтқанда,1985 жылы Горбачевтыңбасқарукезіндегіжариялыық, қайта құруды бастаған кезі еді. Міне, осы кезде қазақ қоғамының санасында да саяси өзгерістер пайда болды.*«Мен қазақтың»* деп қорықпай айтатын жігіттер пайда болды. «Азат», «Азаттық», «Бостандық» деген сөздер жиі айтыла бастады. Соның нәтижесінде 1990 жылы 30 маусымда Сәбетқазы Ақатай, Батырхан Дәрімбет және тағы басқалар «Азат» азаматтық-саяси қозғалыс ұйымын құрды. Онымен таныстығым сол кезде басталды. Жаксыбек аға ол кезде Қызылорда пединститутының (қазір Қорқыт Ата университеті) жәй ғана қағардағы мұғалімі еді, Жалпы айтқанда «Азаттық» мүшелерінің басым көпшілігін, негізгі омыртқасын мұғалім, дәрігер, оқытушы ортасынан шыққан қазақтың интеллигенттері құрады. Біздің облыстық ұйымның негізгі сол пединституттың оқытушылары болатын. Атап айтсам, Әнуар Тәжібайұлы, Есіркеп Бейсембаев, Төрбай Ділманов және басқа да көптеген оқытушылар біздің ұйымды алға сүйрелеген жігіттер. Олардың көпшілігі саяси өмірдегі жолдарын аяғына дейін жеткізбесе де, олардың барлығына айтар алғысым ерекше. Жаксыбек аға осы жолдан, саяси-қоғамдық өмірден аяғына дейін шыққан жоқ.

«Азат» ұйымы алғашқы бес жылды өте белсенді өткізді. 1995 жылы елімізде бұрынғы либералды Ата заң ауыстырылып, оның орнына авторитарлық басқару әдісіне бағытталған жаңа Конституция қабылданды. Осы кезден кейін еліміздегі «Азат» ұйымы қысымға түсіп, тұрмыстық, жұмыссыздық қиын кезге тап болып, белсенділердің әрқайсысы бас қамын іздеуге мәжбүр болды. Біздің облыстық



ұйым да сол жағдайға ұшырадық. Жиналып, ақылдастық. Не істеу керек? Бізде де жабайық деген ұсыныс түсті, қарсылар да болды. Мен жеке басым бұдан былай ашық саяси күрес жолын, саяси партия құру арқылы күресті жалғастыруды қолдайтынымды айттым. Көпшілік осы ұсынысты қолдап, мен «Азат» облыстық ұйымының мөрі мен басшылығын Жаксыбек Егізбайұлына тапсырдым. Ол осы ұйым арқылы күресті, қазақтың тілі мен ұлт мәселіне басты назар аударып, жұмысын жалғастыратын болды. Осы бағыттан өмірінің соңғы күндеріне дейін таймай жұмыс істеді.

1999 жылдар шамасында «Азат» республикалық ұйымының басшылығына Хасен Қожахмет келді. Ол бұл

жұмысқа қызу кірісті, «Азатты» қайта жандандырамын, тірілтемін деп жария салды. Жаксыбек аға бұл бастаманы бар ынта-жігерімен қолдады. Онтустік Қазақстан облысының бір топ азаткерлері осы ұсынысты қолдап, бұл мақсатқа сол жылы 50 жасқа толатын Хасен Қожахметтің мерейтойын пайдалануды ұсынды. Атап айтқанда, шымкенттік Ахмет Сейсенбай бұл шараны Шымкентте өткізейік деп, Хасен Қожахметке «Ұлт Қаһарманы» деген атақ беру жөнінде ұран көтеріп, пиар-акциялар жүргізді. Бастаманы айтыскер акын Әселхан Қалыбекова және бірнеше алматылық акын, жазушылар қолдады. 1999 жылдың тамыз айында Жаксыбек аға екеуміз Шымкентке аттандық, Хасенге арнаған сый-құрмет,

марапаттарымыз бар. Қаланың үлкен бір орталық ғимаратының залында Хасеннің 50 жылдығына арналған кеш өтті, адамдар көп жиналды. Алматыдан Қалыр Мырза Әлі келді, қасында Берік Шаханов деген акын бар. Бұл іс-шара біткен соң, жоғарыда аталған ақындар және біз, Жаксыбек бәріміз Онтустік Қазақстан облысының бір ауданында 2-3 кездесулер өткізіп, елді араладық. Айтпақшы, қасымызда сол аудан әкімінің бір орынбасары еріп жүрді. Бірақ, кейін білдім, билік біздің алдымызды орап кетіпті. Осы іс-шарадан кейін Хасен Қожахметті Алматыдағы Ықлас атындағы казактың Ұлт-аспаптар музейінің директоры етіп тағайындады. Мінеки, олардың бізді алдап түсіргенін сонда ғана білдік. Әрине, біз бұл жерде Хасенді кінәлап отырған жоқпыз. Саясатта жүргендер кейде осындай қателіктер жасайтын.

Жаксыбек ағаның саясат жолында осындай талай бұрылыстарды бастан кешіргенін айтып отырғаным ғой. Бірақ ол бұрынғы істі жалғастыра берді, ғылыми зерделеу, оқытушылық, насихат, саяси ағарту, тіл, ұлт мәселесін, саяси-қоғамдық процестерді қатар жүргізе берді. Қол үзбеді, сайлау болса, бос қалған депутаттық орындарға таласып жүріп, ақыр соңында Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттығына қол жеткізді. Қолынан келгенше депутаттық міндетті белсенді атқарды деп ойлаймын.

2011 жылы еліміз суперпрезиденттік

ұйым тіркелуі тиіс болатын. Бірақ, қандай себептен болғанын білмеймін, құжаттарын юстиция тіркемеді, бірақ Жаксыбек аға ұйым тіркелмесе де оны басқарып, жұмыс істей берді. Сол кездері онымен кездескенімде Дос інісіне реніштерін жасырмай айтқан еді. Осылай жалғаса берді, 2019 жылы күтпеген жерден Назарбаев билікті Тоқаевқа тапсырып, аяқ астынан президенттік сайлау өткізетін болды. Міне, осы жерде оны ашуландырған тағы бір жағдай алды. Осы кезге дейін тіркелмей жүрген «Ұлт тағдырының» Қызылорда облыстық ұйымын биліктегілер дереу тіркеп, Жаксыбек ағаны ескертпей оның басшылығына басқа адамды сайлай салды. Ол білмеген жағдайда «Ұлт тағдыры» президентікке үміткер етіп Ә.Қосановты ұсынды. Ол осылай тағы бір рет саясаттан онық жеген еді.

Бірақ, ол мойыған жоқ, бұрынғы тіл, ұлт мәселелеріне араласып, жұмысын жалғастыра берді. Өмірінің соңғы күндеріне дейін Қызылорда облыстық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі, «Тіл сакшысы» газетінің редакциялық алқа мүшелігін атқарды. Саяси-қоғамдық өмірде саналуан пікір, көзқарастары тоғысып, қарама-қайшылық жиі болады. Онымен саяси пікірталастар кезінде ерекше қарама-қайшы көзқарастар болмағанын айтқым келеді. Ол менің пікіріме ерекше құлақ түретін. Бірақ, бір жағдайда, осыдан үш жыл бұрын бір рет көзқарастарымыз келіспей қалғанын айта кетейін. Оның 80 жылдық мерейтойының алдында бір үлкен жиында екеуміз әжептәуір сөзге келіп қалдық, мен ашуланып оның 80 жылдық мерейтойына бармадым. Бірақ, бір апта өткен жоқ, ол телефон соғып тұр: *«Әй, Сағат, екеуміз бір жерден иәй ішейік»* дейді. Сөйтсем, бір жерден дастархан дайындап қойыпты. Әй, Жәкем-ай, *«Жаксының ашуды жібек орнамал кеніше»* деген осы екен ғой. Ақжүрек, жайсаң аға екенінді осылай көрсеттін емес пе?..

Осы орайда мынандай әңгіме бар екен. Егер, ескі дос ұрысып, қатынастары үзілсе, олардың қайсысы бірінші болып достық қолын ұсынса, сол адам бірінші жұмаққа баралы екен. Жұмақтың төрінде бол, Жәке!

САҒАТ ЖҮСІП
белгілі саясаткер

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС - МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стретегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтады.Сыбайлас жемқорлықтың өзі қоғамның ақауы болып табылады. Қоғамға, өскелең ұрпаққа сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың теріс салдарын түсіну маңызды. Сыбайлас жемқорлыққа төзбейушілік мәдениетін қалыптастыру дамыған елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының маңызды элементтерінің бірі болып саналады.Қоғамның сыбайлас жемқорлық қылмыстарға және құқық бұзушылыққа немқұрайлылығы сыбайлас жемқорлықтың өзі сияқты зұлымдық болып табылады. Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті, сыбайлас жемқорлыққа тұрақты иммунитеті болмаса, қалаулы нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Біздің қоғамның әрбір толыққанды және дені сау мүшесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың ісі екенін түсінуге тиіс.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңегіміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың феномені болып табылады.

Қоғамдық сананың әртүрлі нысандары бар, олардың көмегімен адамдар оларды қоршаған табиғатты, қоғам мен өздерін сезінеді. Моральдық (адамгершілік) саяси, құқықтық, эстетикалық, діни сана болып бөлінеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана – бұл адамдардың сыбайлас жемқорлыққа әлеуметтік

зұлымдық ретіндегі қатынасын білдіретін ұғымдар, теориялар, түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың жиынтығы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, құқықтық және құқықтық емес, заңды және заңсыздықтың шегін көрсетіп береді. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез- құлықты қамтамасыз ету үшін моральдық-адамгершілік, идеологиялық, құқықтық шараларды талап етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл жаппай сана және оның жекелеген элементтері емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлықты қабылдамау негізінде жататын осы жүйемен тіпті сәйкес келмейтін құндылықтар жүйесі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – адамгершілік пен азғындық (орынды және орынсыз, мейірімділік пен зұлымдық, пайдалы және пайдасыз), құқықтық және құқықтық емес, ақылды және ақымақтық, тамаша және бейберекет призмасы арқылы адами қатынастар әлеміне көзқарас.

Жалпы айта келгенде, егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың этностық ерекшелігі ретінде ұлттық мәдениетті мысалға алсақ, отбасында балаларды еңбекке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу дәстүрі әрқашан да болған. Сондықтан отбасында ұлттық тәрбиенің негізі, адамгершілік пен іс-әрекеттің өзегі ретінде адал еңбек басым болуы тиіс. Сонда ғана отбасы деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тосқауыл қоя аламыз. Бұл тосқауыл осы мәселені заңдық реттеуге қарағанда мықтылау, тиімдірек. Сонымен қатар, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда этникалық ерекшеліктерді негізге алу еліміздің әлеуметтік-мәдени дамуы мен рухани жаңғыруына, мемлекетіміздің алға қойған стратегиялық бағыттағы жоспарларына қолжеткізуге, мәңгілік ел болып қалыптасуына маңызды жағдайлар туғызатындығы сөзсіз.

А. САРБАСОВА
"Ортақшыл ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ-нің жетекші маманы

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ МІНДЕТІМІЗ

Елімізде «Тыйым салынған балық ресурстарын аулау құралдарын және Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сексеуіл ағашын кесуге тыйым салынған кезеңде сексеуіл сүрегінен жасалған өнімдерді сату саласындағы заң бұзушылықтардың алдын алу» жөнінде іс-шара жоспары бойынша жұмыстар жалғастырылуда. Өз кезегінде «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері де пайдалануға қатаң тыйым салынған балық аулауға арналған моножіпті, синтетикалық ауларды және сексеуіл өнімдерін сатуға болмайтындығы жайлы базарлар мен дүкен егелеріне түсіндірме жұмыстарын жасауда. Осыған байланысты жергілікті тұрғындар мен табиғат пайдаланушыларға сексеуілдің жергілікті отаны аталатын Қызылқұм мен Қарақұмда бүгінгі күні жас сексеуілдер табиғат пен жанашыр адамдардың көмегімен бой көтеріп қалғанын хабарлай отырып, бойымызға жылу, табиғатымызға сән беретін сары сексеуілімізді әрбір адамзат қорғай білсек, болашақ зор пайдады үлесін тигізеріміз сөзсіз екендігін жеткіземіз. Сондықтан сауда орындарында сатуға және пайдалануға тыйым салынған сексеуіл өнімдерін және балық ресурстарын аулау құралдарын сатқан немесе пайдаланған тұлғаларға әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылатындарын ескертеміз.

«Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ»

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі негізгі проблемалармен қатар өткір тұр. Сыбайлас жемқорлық-бұл үнемі мұқият зерделеуді, жауып көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді және еліміздің имиджін төмендетеді.

Қазіргі әлемде сыбайлас жемқорлық кез-келген қоғамда, кез-келген мемлекетте орын алады. Оның мүлдем жоқтығын айта алатын елдер жоқ.

Әлемнің барлық мемлекеттері сыбайлас жемқорлыққа тап болады. Сонымен қатар, қазіргі жағдайда сыбайлас жемқорлық біртіндеп мемлекетішілік проблемадан жаһандық проблемаға айналуда. Қазір барлық елдер, соның ішінде ең озық елдер, жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өз үлгілерін қайта қарауда, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатаңдату туралы жаңа заңдар мен нормаларды қабылдауда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жыл сайын Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында жарияланады. 2023 жылғы 01 қыркүйекте Президент өзінің «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барлық

бағыттар бойынша жаңа серпін беру қажеттігін атап өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әрекетсіздік азаматтардың наразылық сезімдері мен құқықтық нигилизмнің өсуіне әкеледі.

Біздің мемлекет сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және күресу бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде.

Біздің елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпымемлекеттік мәртебе берілгендіктен,сыбайлас жемқорлық көріністерінің жолын кесу және шектеу бойынша қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп үлкен жұмыс жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды әдістерінің бірі-моральдық тарап үлкен рөл атқаратын заңды сақтау.Өйткені, тәкаппар адам заңдарды бұзбайды. Жалпы айтқандай, егер сіз әлемді өзгертіңіз келсе, өзіңізді өзгертіңіз.Бұдан шығатыны, егер әрбір азамат әрқашан өзінен бастаса, мысалы, өз міндеттерін адал және әділ орындаса, онда сыбайлас жемқорлық азаяды.

Осылайша, сыбайлас жемқорлықты жою үшін бүкіл қоғам күресуге тиіс.

Сонда ғана біздің еліміз сыбайлас жемқорлық жоқ әлемдегі мемлекеттердің біріне айналады.

МӘЛІК НҰРЖАН ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ
Жалағаш ауданы әкімдігінің Жаңадария ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың
«Желтоқсан и К» ЖШС		Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Газет аптасына бір рет жарық көреді	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
			Тапсырыс	Сурет сапасына редакция жауап бермейді

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯДА САПА БАР...

Шынын айтқанда қазіргі қоғамда әр адамның тұрмысын жеңілдетуге, жақсартуға бағытталған реформалар жеткілікті. Соның бірі - “Азаматтарға арналған Үкімет”.

Бүгінде Сыр бойында ЦОН яғни халыққа қызмет көрсету орталығының қызметін пайдаланбаған жан кемде-кем. Әр адам өміріндегі қуанышты сәттердің рәсімделетін, қажетті барлық құжат тіркелетін, тіпті бұрыңғы зейнетақы, жәрдемақы беретін почта, баланың тууылуын, азаматтық некеге тұруды рәсімдейтін АХАТ, мүліктерді заңдастыратын БТИ сияқты мекемелердің бар жұмысын бір өзі атқаратын ХҚКО-ғында биылғы жылдың 6 айы қорытындыланды

“Азаматтарға арналған Үкіметтің” Қызылорда облыстық филиал директоры Айда Ибрагимқызы Әбибуллаеваға хабарласып, осы жарты жылдық қорытындысын елге жариялағанды жөн көрдік.

Айта кетейік, Айда Ибрагимқызы - VII, VIII шақырылымдағы облыстық мәслихат депутаты, “Құрмет” орденінің иегері

- Айда Ибрагимқызы, ел арасында “ЦОН” аталып кеткен Халыққа Қызмет Көрсету Орталығы халықтың ең көп келетін, әрі сол халық үшін көптеген мемлекеттік қызметтерді қолжетімді етіп отырған орын.

Бұрын бір анықтама алу үшін әр шенеуніктің есігін қағып, жалтақтап жүретін жұрт бүгінде қажет қызметін өшкімге төуелді болмай-ақ дер кезінде ала алады

- Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы Халыққа қызмет көрсету орталығы, Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі, жылжымайтын мүлікті тіркеу және жер кадастры, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу салалары бойынша қызмет көрсетеді.

Бүгінгі күні «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы

Қызылорда облысында Супер ХҚКО өз жұмысын 2024 жылдың 15 қазанында пилоттық режимде бастады. Бүгінгі таңда 9000 астам мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Супер ХҚКО азаматтардың уақытын үнемдеуге және Мемлекеттік қызметтерді алушылар үшін неғұрлым жеңіл және қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

Бұл жобаның артықшылығы «Тұрғын үй», «Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау», «Мемлекеттік льготалар арқылы тұрғын үй алу бағдарламасы», «Коммуналдық қызметтер», «Мемлекеттік жеңілдіктер бағдарламалары бойынша кредиттер алу және кәсіпкерлікті дамыту» салаларының бір жерде шоғырландыру жолымен азаматтар үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Бұл өз кезегінде азаматтарға бір

11 мыңға жуығы электронды форматта көрсетілді. Жыл басынан бері жоғары сұранысқа ие 967 мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері сатылды.

Жүргізушілерге автокөлікті тіркеу, қайталама жүргізуші куәлігін алу, жүргізуші куәлігін алуға теориялық және практикалық емтихандарға тіркелу қызметтерін электронды түрде алуға мүмкіндіктер жасалған.

Электрондық цифрлық қолтаңба арқылы көлік құралын сатушы мен сатып алушы мамандандырылған бөлімге бармай-ақ, көлікті электрондық үкімет порталдары арқылы ресімдеуге мүмкіндігі бар.

- Халыққа көрсетілетін қызметтерді цифрландырудың жақсы бір үлгісі – Бірыңғай байланыс орталығы

- Бірыңғай байланыс орталығы жыл басынан бері 1 миллионға жуық қоңырауға жауап беріп, халықпен тиімді кері байланысты қамтамасыз етіп келеді.

Күніне орталыққа орта есеппен 8 мыңға жуық қоңырау түседі. Әр оператор күніне 130-150, ал мерекелік күндері 200-ге жуық қоңырауға жауап береді. Бұл орталық мамандарының жоғары кәсіби дайындық пен жауапкершілікпен жұмыс істеп жатқанын көрсетеді.

- Бұрыңғы почта жәшігінің жетілген түрі – постаматтар. Тұрғындардың уақытын үнемдеуде, сондай-ақ ХҚКО-ның да жұмысын жетілдіруде осы постаматтардың да үлесі бары анық.



арқылы тізілімде қолжетімді 1 353 мемлекеттік қызметтің 1 267 көрсетіледі, оның 1 214 электрондық форматта қолжетімді.

- Таңқалмасқа шара жоқ. Азғана уақытта бар шаруанды бітіресің. Әрі біреуге мына шаруамды реттеп берші деп тиын-тебен берудің де қажеті жоқ.

- Бүгінде ХҚКО азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыру және қызметтерді өз бетінше алу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Сондай-ақ, ХҚКО-ға бармай, мемлекеттік қызметтерді тез және ыңғайлы алуға мүмкіндік беретін жаңа цифрлық бағдарламалар енгізілуде.

Қазіргі уақытта облыс бойынша 13 фронт-офис, 41 бэк-офис жұмыс істейді. Бір Мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталығы және бірыңғай байланыс орталығы бар.

2025 жылдың 6 айында 613 106 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның 140 мыңнан астамы өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы көрсетілді.

Сұранысқа ие топ-5 қызметтер қатарында: автокөлікті тіркеу; ЭЦҚ кілтіні алу; құжаттандыру; жылжымайтын мүлікті тіркеу; жүргізуші куәлігін алу бар.

- Супер халыққа қызмет көрсету – бір терезе қағидаты?

- Супер ХҚКО - еліміздегі жаңа форматтағы мемлекеттік қызметтер көрсету орталығы. Бұл жобаның артықшылығы бірнеше мемлекеттік ұйымдардың бір жерде шоғырлануы болып табылады. Бұл өз кезегінде азаматтарға бір терезе қағидаты бойынша қажетті мемлекеттік қызметтерді тиімді және жылдам алуды қамтамасыз етеді.

терезе арқылы қажетті мемлекеттік қызметтерді тиімді және жылдам алуды қамтамасыз етеді.

Бүгінде 12 саланың өкілдері өз қызметтерін F.Мұратбаева көшесі 2е мекен-жайындағы ХҚКО ғимаратында көрсетеді.

- Өзіңіз ұстаным өтетін Абайдың ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрегі осы сандық технологияңызда бар ма?

-Сандық технологияны басқаратын, халыққа ХҚКО арқылы қызмет көрсететін жандардың бойында осы үш қасиет болғанда біз сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл бола аламыз, барлық мемлекеттік қызметтердің халыққа қолжетімді болуына ықпал ете аламыз. Үнемделген қаржы, уақыттан бөлек, жұқармаған тыныш жүйке арқылы ел денсаулығын сақтай аламыз. Тұрғындар тұрмысын жеңілдетеміз. Жеңілдетіп қана қоймай оны жақсартамыз. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев жолдауда: “Қазақстан цифрландыру саласында қол жеткізген жетістіктерін еселей түсуге тиіс. “Электронды үкімет” платформасына жасанды интелект технологиясын барынша енгізу қажет. Қазақстан жасанды интелектің кеңінен қолданысын және цифрлық технологияларды дамытып жатқан елге айналуға тиіс” деп бекерге айтқан жоқ.

- Жоғарыда айтып өткендей сұранысқа ие, халық көп қажет өтетін қызметінің бірі – автокөлікті тіркеу. Мамандандырылған орталық жұмысы да көп көңілінен шығып келеді.

- Мамандандырылған ХҚКО бойынша 2025 жылдың басынан бастап 30 мыңға жуық дайын құжат берілді. Осы кезеңде жүргізуші куәлігін алуға 9307 өтінім қабылданды. Атап айтқанда, тек 2 606 қызмет алушы емтихандарды оң нәтижемен тапсырды. Сонымен қатар, теориялық емтихан тапсырған 2630 үміткердің 52% шекті балл асыра алды. Осы кезеңде жүргізуші куәлігін алуға 29%-ы, 2 089 үміткер екінші кезеңді енсерді.

Көлік құралдарының жекелеген түрлерін тіркеу және есепке алу бойынша 15 196 қызмет көрсетілді. Оның

- Gov4c постаматы — бұл

азаматтарға құжаттарды жылдам және қолайлы түрде алу мен тапсыруға мүмкіндік беретін автоматтандырылған жүйе. Қызылорда облысы бойынша №2 Халыққа қызмет көрсету орталығы Астана даңғылы 46 мекен жайы

мүгедектігі бар азаматтар және ардагерлер пайдалана алады. Бұл қызмет түрі тегін түрде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін арнайы мамандар өтініш бойынша үйлерге барады. 2025 жылдың 6 айында бұл мүмкіндікті 540 қызылордалық пайдаланған.

- Әр адамның дүниеге келгеннен басталатын барлық рәсімдерін тіркейтін АХАТ саласы да цифрландыруға көшті.

- Жыл басынан бері АХАТ саласы бойынша 21 293 қызмет көрсетілді, бұл 2024 жылдың сәуірінен кезеңімен салыстырғанда 713 қызметке төмен. 6 айда 8 117 туу туралы куәлік, 1 714 ерлі-зайыптылар некесін тіркеді, 183 ерлі-зайыптылар некесін бұзды, 2 314 қайтыс болуды тіркеуге өтініш берді.

Сондай-ақ, жыл басынан бері «Отбасы орталығы» мен аудан орталықтарында зейнетақы кітапшаларын, туу туралы куәлік пен неке туралы куәлік және жеке куәлік беру бойынша 3 555 салтанатты рәсім өткенін атап өткен жөн.

- Өлі есімізде жерді тіркеу деген әбден қиямет еді. Актісін алғанша ақ тер, көк тер болып, әр мекемені жағалаудан шаршайтынсың. Қазір қажетті құжаттарды орталыққа өткізгеннен кейін белгілі мерзімде актің қолға аласың. Алғашқыда мұның мүмкін екеніне сенбей де жүрдік.

- Есепті кезеңде жерге орналастыру, геодезиялық жұмыстар және жылжымайтын мүлікті техникалық байқау қызметтерін көрсету саласында 6 461 қызмет көрсетілді. Оның ішінде 5 157 қызмет жер учаскелеріне актілер дайындау және беру бойынша көрсетілген. Жер учаскесіне

сәйкестендіру құжатын дайындау және беру бойынша 5 157 қызмет, 482 қызмет Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау, Жобаланатын жер учаскесін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінің графикалық деректерімен келісу бойынша 822 қызмет көрсетілді.

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында жерге орналастыру жобасын әзірлеу барысында филиалдың қызмет көрсетудің нарықтық үлесі - 78% болса, қазіргі таңда бұл көрсеткіш 81% құрауда.

Қазіргі уақытта әкімдіктер елді мекендердің шекараларын белгілеу, жер учаскелерін түгендеу, су қорғау аймақтарын анықтау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Бұл жұмыстарға филиал қызметкерлері де тартылуда.

-Цифрландыру деген зейнетақы мен жәрдемақы алатындар үшін тіпті көремет болды ғой. Әркімнің өз күні бар. Сол белгіленген күні зейнетақы, немесе жәрдемақы телефонға түсіп тұрады. Почта бармайсың, кезекке тұрмайсың, кезегің келгенде ақша таусылып қалып, немесе уақыт бітіп қалып, үйіңе құр қол қайтпайсың. Белгіленген уақытта ақша қалтаңа өз-өзінен түсіп тұрады.

- 2025 жылдың 6 айында 355 818 адамға жалпы сомасы 129,3 млрд. теңгеге зейнетақы және жәрдемақы төленді. Оның ішінде: 110,6 млрд. теңге 304 145 алушының қаражаты республикалық бюджеттен төленді. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражатынан 51 673 алушыға 18,7 млрд. теңге бөлінді.

Мемлекеттік жәрдемақы мөлшері балалар санына қарай сараланады. 4 баласы бар отбасыларға – 59 183 теңге (16,03 АЕК), 5 балаға – 73 988 теңге (20,04 АЕК), 6 балаға – 88 793 теңге (24,05 АЕК), 7 балаға – 103 598 теңге (28,06 АЕК), 8 балаға – 118 144 теңге.

Облыс бойынша 4 баласы бар – 23 316 отбасы бар, 5 бала – 10 701, 6 бала – 3 409, 7 бала – 852, 8 бала – 186, 9 бала – 39, 10 бала – 8, 11 бала – 3, барлығы 37 121 отбасы осы жәрдемақыларды алады. Осы төлемдерге республикалық бюджеттен айына 2 млрд. 785 млн. теңге бөлінуде. Сонымен қатар облыс бойынша «Алтын алқасы» бар аналар 5 532 отбасы – 29 097 теңге, Күміс алқа 10 845 – 25 165 теңге, Батыр ана 522 – 29 097 теңге, 1 және 2 дәрежелі Батыр ана 677 – 29 097 теңге.

Облыс бойынша зейнеткерлер саны – 88 533, 25 578 - адам мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақы алады, 9 584 - асыраушысынан айырылу бойынша әлеуметтік жәрдемақы алады, 1 300 ана - бала тууына байланысты жәрдемақы алады, 24 848 - бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы алады, 6 832 - бала тәрбиесі бойынша жәрдемақы алады, 1 896 азамат - 1 топтағы мүгедекке күтім жасау бойынша жәрдемақы, 17 633 - жәрдемақы алатын көп балалы аналар, 37 121 - жәрдемақы алатын көп балалы отбасылар, 82 840 - базалық зейнетақы алушылар саны.

“ЖҰМЫСШЫ ЖАС МАМАНДАР” СЛЕТІ ӨТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы» атты Жолдауында 2025 жылды – «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады.

Осыған орай еліміздің барлық өңірінде жұмысшы мамандықтарды насихаттау, еңбек адамын қолдау және жұмысшы кәсібінің мәртебесін арттыру бағытында ауқымды шаралар қолға алынды.

Сыр өңірінде де «Жұмысшы мамандықтар жылын» мазмұнды әрі жүйелі өткізу мақсатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, түрлі жобалар жүзеге асырылуда.

Қызылордада «Жұмысшы жас мамандар республикалық слеті» өтті. Ауқымды жиынға еліміздің бірнеше өңірінен, сондай-ақ барлық аудандар мен қалалардан 100-ден астам жұмысшы жас маман арнайы қатысты.

Пленарлық отырыста облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов сөз сөйлеп, өңірде «Жұмысшы мамандықтар жылында» атқарылған жұмыстарға тоқталды.

жұмысшы мамандықтары. Олар негізінен экономиканың көлік, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету, сауда, құрылыс пен өнеркәсіп сала-



«Жастар – қоғамның қозғаушы күші» деген қағида бар. Мемлекет басшысының бұл бастамасын әсіресе, жастар қауымы ерекше ықыласпен қарсы алды. Республика көлемінде түрлі форматтағы шаралар ұйымдастырылып, жастарды қолдауға бағытталған игі бастамалар қолға алынуда. Қазіргі таңда, өңірімізде 28 колледж бар. Оның 19-да 45 мамандық, 49 біліктілік бойынша жұмысшы кадрлар даярланып, жалпы 20341 студенттің 4890-ы жұмысшы мамандығы бойынша білім алуда. Осы жылы 2 колледж базасында тігін цехы ашылды.

Аймақта облыс әкімі **Нұрлыбек Машбекулының бастамасымен «Жұмысшы мамандықтар жылын»** лайықты және жүйелі жұмыстармен жүзеге асыру мақсатында облыстық іс-шаралар жоспары бекітіліп, аймақтағы кәсіптік білім беру саласын **трансформациялаудың жол картасы** қабылданды.

Жалпы, статистикалық мәліметтерге сәйкес өңірдегі еңбек нарығында **334,8 мың адам** жұмыспен қамтылған. Оның **52,2%-ы** –

ларында басым.

Атаулы жыл аясында жұмысшы мамандықтар бойынша білім алатын жастар қатарын көбейту мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Қазіргі таңда өңірімізде **17-і мемлекеттік, 11 жекеменшік барлығы 28** колледж бар. Оның ішінде **19** колледжде **45** мамандық **49** біліктілік бойынша **жұмысшы кадрлары** даярлануда.

Жалпы – **20 341** студенттің (**10729** - мемлекеттік, **9612** - жекеменшік, күндізгі бөлімде – **19 390 студент**) **4890-і** жұмысшы мамандығы бойынша білім алуда. Ағымдағы жылы **Арал индустриальды-техникалық және Қызылорда құрылыс және бизнес колледждерінде «Тігін цехы»** ашылып жұмыс жасауда.

Халықаралық байланысты дамыту бағытында колледждеріміз **Түркия, Қырғызстан, Германия, Ресей, Латвия, Өзбекстан, Польша** мемлекеттерімен **Халықаралық, 98** республикалық және **56** аймақтық оқу орындарымен барлығы **161** ынтымақтастық меморандумға қол қойды.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы **11** мемлекеттік колледждің материалдық-техникалық базаларын жабдықтауға **2,02** млрд. тенге **4** колледжге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге **1,9** млрд. тенге **1** колледжге қосымша **асхана, акт зал, спорт зал** құрылыстарын жүргізуге **732,3** млн. тенге қаржы бөлу жоспарлануда.

«Мансап компасы» платформасы арқылы **3000** оқушыға кәсіби бағдар беріліп, **20** мың оқушыға кәсіпорын базаларына экскурсиялар ұйымдастырылып, **40** мектеп базасында бейінді сыныптар ашылды.

1500 оқушының қатысуымен «**Jas Skills**», «**Junior Skills**» шеберлік конкурстары өткізілді. Колледждер базасында **3000** кәсіпорындар мен бизнес өкілдерінің қатысуымен бос жұмыс орындарының **жәрмен-көсімен ашық есік** күндері ұйымдастырылды. «**Бизнестартап**» орталығы арқылы **150** студенттің кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыру шаралары жүзеге асырылды.

1 маусым **Халықаралық балаларды қорғау** күніне орай «**Саутс-ойл**» компаниясының демеушілігімен құны **4,8** млрд теңгені құрайтын **250** орындық жатақханасы бар **400** орындық Музыкалық колледждің **жаңа ғимараты** пайдалануға берілді.

Бүгінгі күні мемлекеттік **15** колледж ірі жұмыс беруші кәсіпорындар мен мекемелермен **шефтік қамқорлыққа** байланысты екі жақты келісім-шарттарға қол қойып, тиісті жұмыстарды жүзеге асыруда.

«**Мамандығым – Болашағым**» жобасы аясында мамандықтар



тұрмыстық қалдықтарды сұрыптаушы оператор, IT-роботтехника, IT-мехатроника мамандықтары қамтылады.

Жас мамандарды кәсіптік бағдарлау және жұмысшы мамандықтарға қызығушылықты арттыру мақсатында **түрлі көрмелер, семинарлар мен форумдар ұйымдастырылып**, осы салалардың маңыздылығы насихатталуда.

Еңбек нарығы зәру болып отырған мамандықтар бойынша **525 жұмыссыз** қысқа мерзімді курстардан өтуде. «**Скиллс Еңбек**» электронды білім порталы арқылы

мақсатында **«Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несиесімен** жаңа пәтер алу мүмкіндіктері жасалды.

Облыс әкімінің орынбасары Ш.Баймановтың сөзінен аймақта жұмысшы мамандарын, жастарды қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижелігі белгілі болды.

Сондай-ақ слет жұмысы барысында жастар «Қызылорда облысының жұмысшы жас мамандарының ассоциациясын» құру бастамасын көтерді. Бұл бастама өзге өңірлерден келген қатысушыларды

БҰЛ БУЫН ӨЗГЕРІСТЕРДЕН ҚОРЫҚПАЙДЫ

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы он жылдан астам уақыт бойы Қазақстан жастарының әлеуметтік көңілі мен әлеуметтанулық-мәдени үдерістерін жүйелі әрі терең зерттеумен айналысып келеді. Біздің аналитикалық жұмысымыздың негізгі бағыттарының бірі – жастардың жұмыспен қамтылуын және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруын зерттеу. Жыл сайынғы «Қазақстан жастары» әлеуметтанулық зерттеуінде бұл мәселелер дәстүрлі түрде маңыздылығы бойынша алдыңғы орындардың бірін алады.

Жастардың жұмысқа орналасуы мәселесі жастардың өздері мемлекеттен шешім табуды талап ететін негізгі үш мәселенің қатарында тұрақты орын алады. Бүгінгі таңда жастардың жұмыспен қамтылуы тек әлеуметтік мәселе емес, елдің тұрақты дамуына тікелей әсер ететін мемлекеттік стратегиялық басымдық болып табылады.

Биылғы жылы біз жастарды жұмыспен қамту саласында кәсіби түсінуді қажет ететін бірнеше тұрақты үрдістерді тіркедік.

Жастар жұмысқа орналасудың түрлі форматтарын қолдануда. 42% тұрақты жұмыс істегісі келеді, бірақ көбі икемді жұмыс, қашықтан жұмыс немесе фриланс сияқты еркін жұмыс түрлерін таңдайды. Бұл олардың жұмыс пен жеке өмір арасында тепе-теңдік іздейтінін көрсетеді.

Жұмысшы мамандықтар жылында біз осы салаға ерекше назар аудардық. Респонденттердің жартысына жуығы жұмысшы мамандықтар өз сұранысын сақтайды деп есептейді, ал бестен бір бөлігі олардың маңыздылығы артады деп күтуде. Яғни автоматтандыру трендтеріне

қарамастан, қолданбалы еңбек маңыздылығы мойындалуда. Алайда сауалнамаға қатысушылардың төрттен бірі технологиялық өзгерістерге байланысты жұмысшы мамандықтарға сұраныстың төмендеуі мүмкін екенін атап өтті. Мұндай қарама-қайшы көзқарастар кәсіптік-техникалық даярлауды стратегиялық тұрғыдан қайта пайымдаудың, оны жаңғыртудың және мәртебесін көтерудің қажеттілігін көрсетеді.

Жастар еңбек нарығындағы жағдайды жақсы түсінеді, мүмкіндіктер мен шектеулерді дұрыс бағалайды, сонымен қатар дамуға, икемділікке және өзін-өзі көрсетуге ұмтылады. Қазіргі жастар үшін тек табыс ғана емес, мағына, тұрақтылық ғана емес, жеке даму да маңызды. Бұл буын өзгерістерден қорықпайды, бірақ оларға институционалдық қолдау қажет: айқын мансаптық өсу жолдары, ресурстарға тең қолжетімділік, экономикаға тартудың икемді тетіктері.

Жастарды жұмыспен қамту – бұл тек жұмыс орны мәселесі емес. Бұл - елдің болашағы, оның зияткерлік және әлеуметтік капиталының мәселесі. Жастарды еңбек жолында қолдау эпизодтық емес, жүйелі, реактивті емес, озық болуы тиіс. Осылайша біз заман талаптарына жауап беріп қана қоймай, жастар саясаттың нысаны емес, оның белсенді қатысушысы болатын қоғам моделін қалыптастыра аламыз.

Т. ҚАЙДАРОВА
“Жастар” ғылыми-зерттеу орталығының жастар ресурстық орталығын әдістемелік сүйемелдеу басқармасының басшысы, философ

«Атласы» әзірленуде.

Мамандықтар атласында ихтиолог, омарташы, аңшылық және аң өсіру шаруашылығы, құс шаруашылығы, жылы жай шаруашылығын ұйымдастырушы, тоқыма өндірісі, өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу

тегін біліктілігін арттыру сабағынан былтыр облыста **3 мың** жұмыссыз өтсе, биыл **20 мыңнан аса адамды** қамту межеленген.

Қызылорда облысында жұмысшы мамандықтарын игерген жастарға **«Жұмыспен қамту жол картасы»** және **«Даму»** мемлекеттік бағдарламалары аясында түрлі

да қанаттандырып, зор қолдауға ие болды.

Жиын соңында еліміздің және аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан жастар аймақ басшысының Алғыс хатымен марапатталды.

Слетке қатысушылар өңірдегі өндіріс орындарын аралап, оқу орындарының заманауи материалдық-техникалық базасымен танысты.

Жастар «Orda Glass Ltd» ЖШС шыны зауытына, Бесарық ауылындағы өндірістік нысандарға, «Qazaq Arena» стадионы мен Оқушылар сарайына, сондай-ақ Теннис орталығы, облыстық тарихи-өлкетану музейі, музыкалық колледж, «Анаға тағзым», «Өнер» және «Отбасы орталықтарына» барды.

С. Ықсанов атындағы құрылыс және бизнес, И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық колледждерінің оқу-өндірістік мүмкіндіктері мен жабдықталу деңгейін көріп, ондағы білім беру үрдісімен танысты.

Слет қатысушылары Байқоңыр қаласына арнайы сапармен барып, әлемге әйгілі ғарыш айлағы мен тарихи музейлерді аралады. Бұл іссапар жастарға Сыр бойындағы ғылыми-техникалық жетістіктерді өз көзімен көруге, сондай-ақ, Байқоңырдың ел дамуындағы тарихи маңызы жайлы мол мағлұмат алуға мүмкіндік берді.



технологиясы, саябақ шаруашылығы, нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі, ет және етөнімдерін өндіру, қалдықтарды қайта өңдеу, қатты

гранттар ұсынылып, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері кеңейтілді. Жұмысшы жастарды қолдау

ЖҰМЫСШЫ ЖАС МАМАНДАР АССОЦИЯСЫН ҚҰРСАҚ ДЕЙМІЗ...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев **жұмысшы мамандықтарға ерекше көңіл бөлуде**, соның айғағы ретінде биыл жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялап, түрлі бағыттағы шараларды ғана емес, сонымен қатар мамандықтың мәртебесін арттырып, жұмысшы жастарды дайындайтын оқу орындарының әлеуетін күшейту, жан жақты қолдау,**еңбек адамын насихаттау** бойынша үлкен жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Бүгінде мемлекетіміз экономиканы әртараптандыру бойынша ауқымды жұмыстар атқаруда. Соның ішінде Қызылорда өңірінде бірнеше жылдан бері цемент өндірісі қолға алынып, **өңірдің экспорттық әлеуеті артып, экономикасының дамуына елеулі үлес қосуда.**

Цемент – ел экономикасының іргетасы саналатын құрылыс индустриясының басты материалы. Инфрақұрылым, тұрғын үй, мектеп, аурухана, жол бәрінің сапасы осы өнімге тікелей байланысты. Сондықтан цемент өндірісі – өңірдің құрылыс индустриясы дамуының тірегі.

Біз, жастар – заманауи технологиямен жабдықталған кәсіпорындарда жұмыс істейтін мамандармыз. Бүгінгі күні цехтарымызда цифрлық жүйелер енгізілген, процестер автоматтандырылған. Бұл – еңбектің өнімділігін арттырып, адам капиталын дамытуға мүмкіндік беруде.

Өндіріс саласында еңбек етіп жүрген жас ретінде біз өз болашағымызды осы елмен, туған өлкемізбен байланыстырамыз.

«Еңбек – елдің тірегі» дейді. Біз жаңаша ойлайтын, жақсы өзгерістерге ұмтылатын жас мамандар ретінде өңір дамуына **үлес қосуға әрдайым дайынбыз.**

Бүгінде Гежуба цемент компаниясында 500-ден аса адам жұмыс жасайды, оның **300-ден астамы жұмысшы мамандар**, соның басым көпшілігі **жастар**. Өріптестермен болған өзара пікір алмасу барысында **«Қызылорда облысының жұмысшы жас мамандарының ассоциациясын»** құру идеясына келгенімізді атап өткіміз келеді.

Біздің басты мақсатымыз - жұмысшы жас мамандарды біріктіре отырып, жастар арасында жұмысшы мамандықтарын **насихаттау**, жұмыс беруші мен жұмысшылардың арасында **алтын көпір болып, еңбек адамының беделін арттыру.**

Барлық **жастарды «Адал еңбек-адал табыс»** қағидатын әрдайым жоғары ұстап, еліміздің өркендеуіне **жастық күш-жігерімізді** аямай жұмсауға шақырамын.

А.АЛДАЖҰМАНОВ
“Гежуба Шиелі” цемент компаниясы ЖШС-і өндіріс басқару бөлімінің механикалық жөндеу цехы бастығының орынбасары

ДӘРІКҮЛДІҢ ДАРА ЖОЛЫ

(еңбек адамы жайлы бір үзік сыр)

Тақырыпқа тікелей кіріспес бұрын әңгіменің әлқиссасын қысқаша сәл әріден бастайын. Кешегі өткен алып империя КРСО-ны қылықты басшы Н.С.Хрущев басқарып тұрғанда бір республиканың жерін екінші бір республикаға қас қағымда қоса салу, бір елді мекенді екінші бір елді мекенге қоса салу тұқ те емес еді.

1956 жылы сондай «Елім-ай» -лап Карл Маркс атындағы колхозға үдере көшкен Тереңөзек ауданына қарасты №1 ауыл «Жаңа арық» колхозының (қазіргі Қараөзек ауылы) халқы болатын-ды. Ол кезде Тереңөзек ауданында Қаракөл қой совхозының құрылғанына да біраз болған. Дегенмен, совхоз орталығы белгілі бір жерге тұрақтамады. Бірнеше жыл Сырдария өзенінің жағалауындағы «Ақиян» деп аталатын жерде тұрды. Кейін Қараөзек бойындағы «Қарарын»-ға қоныс аударды. 1956 жылдың екінші жартысында совхоз орталығы «Жаңа арық» колхозының жеріне келіп, тұрақты орналасты. Ол кезде совхоз директоры Кеңес одағының батыры, білікті де білімді басшы Нағи Ильясов ағамыз

керемет гүлдендіріп жіберді. Сол кезде салынған құрылыс нысандарының бірсыпырасы әлі күнге дейін бар. 1960 жылы совхоз аты «Опытная станция» болып өзгертілді. Бірақ, халық мал шаруашылығымен айналысып, бау-бақша өнімдерін де екті. Совхозда төрт түлікті түгел өсіру, әсіресе қой өсіруге ерекше назар аударылды. Сол кездегі совхоз басшылары С.Сейтасанов, О.Мұстаяпов, З.Мыңбаев, А.Сыздықов, Ж.Исаев мал шаруашылығын тұрақты назарда ұстады.

Осы мақаланы жазуға себеп болған кейіпкеріміз Садықова Дәрікүл жолдасы Арызқұл екеуі 1962-1995 жылдар аралығында аталмыш совхозда 30 жылдан аса уақыт шопан болып жұмыс істеді. Бұлардың қарауында, 800 бастан – 1000 бас қойға дейін бір отар қой болды. Қыста қыстайтын қыстаулары совхоз орталығынан 30-40 шақырым жердегі «Ауызкөлде» болса, жазғы жайлауы «Арысқұм» жақтағы шырайлы «У төбе» деген жерде болатын. Өкініштісі сол Арызқұл 1981 жылы өмірден өтті. Барлық ауыртпалық

топ шопан қауымы, яғни Сыздықов Тұрғанбай, Баяхметов Рүстем, Сентаев Баймахан, Сәрсенбаев Нариддин сияқты тағы басқа шопандар қысы-жазы аянбай қалтықсыз еңбек етті.

Қой шаруашылығының технологиясы тым күрделі. Оны әр шопан білуі тиіс. Дәрікүл бұл жағын жетік білуші еді. Қойды күтіп - баптап семірту үшін көктемдегі, жаздағы, күздегі және қыстағы жайылымдары мен жататын орындары жақсы, жылы, жайлы, болуы керек. Бұны Дәрікүл қатаң сақтады. Жаздың күндері қойларды тоғытып, бойларын сергітіп, үстерін тазалап тұратын. Қой қоздату әрі жауапты, әрі күрделі қиындығы көп науқан. Дәрікүл ұл-қыздарымен бірге күндіз-түні қойдың аман-есен қоздауын бақылап, тыным таппайтын...

Қойды қырку кезінде де басы-қасында жүретін. Қойдың санын көбейту үшін қозыны енесінен ерте бөліп, оларды ерекше күтімде ұстайтын. Буаз қойларды күтіп баптауға айрықша мән беретін еді. Осындай аса қиын жауапкершіліктің арқасында жылда шығынсыз шығатын. Дарқан пейілді Дәрікүл өзінің адал еңбекқорлығының арқасында 100 аналықтан жылда 110-120 қозыдан алып тұрды. Ол кезде бұл көрсеткіш ең жоғарғы болып саналатын. Оның суреті Тереңөзек кентінің орталық алаңындағы Құрмет тақтасына талай рет ілінді. Оның ерен еңбектері туралы Қазақстан Журналисттер одағының мүшесі А.Ақбалаевтың мақалалары аудандық газетте бірнеше рет жарық көрді. Облыстық радиодан да жетістіктері елге тарап жатты. Еңбекқор шопанның ерен еңбектері облыс пен аудан басшыларының назарында болды. Мал шаруашылығы жайлы маңызды мәселелер айтылған жиындарда Дәрікүлдің жұмыс тәжірибесі басқаларға үлгі ретінде жоғарғы мінбеден айтылып жүрді. Д.Садықованың елге сіңірген еңбектері еш елеусіз қалған жоқ. Облыс пен аудан тарапынан Құрмет грамоталармен, Алғыс хаттармен марапатталды. 1973 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен ол «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталып, 1973, 1977, 1978 жылдары «Социалистік жарыстардың жеңімпазы» деп танылса, 1973 жылы «Оныншы бесжылдықтың үздігі» деген атаққа ие болды. 1984 жылы Дәрікүл 5-сайлау округінен Қазақ ССР-інің Қызылорда облыстық халық депутаттарының Тереңөзек аудандық Кеңесінің депутаты болып



Атақты шопан, "Құрмет белгісі" орденінің иегері Садықова Дәрікүл

сайланған. Сол кездерде облыс және аудан басшыларының ұйғарымымен Дәрікүлді «Социалистік Еңбек Ері» атағына ұсынуға әңгіме болған деген сөз бар. Иә, қалай да Д.Садықова ол атаққа да лайықты екені даусыз еді.

Ардақты ана ерен еңбегінің нәтижесінен басқа Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 1974, 1977 жылғы Жарлығымен «Медаль материнства I, II степени» төсбелгісімен мадақталған. Бір сөзбен айтқанда Дәрікүл Садықова кезінде ерен еңбектің үлгісін көрсете жүріп, өмірге үлгілі ұрпақ әкелген аяулы да асыл АНА.

Сөз соңында айта кетерлік жайт, сол бұрынғы Қаракөл қой совхозы еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы Қызылөзек ауылдық округі аталып,

1997 жылы Қараөзек ауылы, Айнакөл, Қараөзек стансасы болып үш елді мекен Қызылорда қаласының құрамына кірді. Бүгінде Қызылөзек ауылдық округіне қарасты үш ауылда кәсіпкерлікпен айналысу қарқынды дамып келеді... Ол туралы баспасөздерде жазылды да. Иә, тынымсыз ерен еңбекпен Дәрікүлдің дара жолы осы киелі Қараөзек ауылынан басталған еді.

Ардақты ана, нағыз еңбек адамы Дәрікүл 2014 жылы 72 жасында өмірден өтті. Оның өмір жолы өскелең ұрпаққа өнеге болып қала бермек.

ҚАЗЫБЕК ӨШІРБЕКҰЛЫ
ҚР ІІМ-нің Еңбек және Құрметті
ардагері, Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі



Солдан оңға қарай:

Социалистік Еңбек Ері, атақты шопан Ахмет Халықов, ақын Асқар Тоқмағамбетов, "Құрмет белгісі" орденінің иегері, атақты шопан Дәрікүл Садықова

еді. Совхоз орталығына тұрғын үйлер салып, ағаштар егіп абаттандыруға мемлекет тарапынан екі миллион сомнан аса қаржы бөлінген екен. Сол бөлінген қаржыны Нағи аға сыртқа шашау шығармай, ел игілігіне жұмсап, совхоз орталығын қысқа мерзімде

Дәрікүл апайдың өзіне түсті. Дегенмен, ұл-қыздары Абдулла, Қымызы Зейнолла, Құрмет, Қамқа, Ақмарал анасына көмектесіп, ауыртпалықты азайтқандай болды. Ол кезде совхозда Социалистік Еңбек Ері, атақты шопан Ахмет Халықов ағамыз бастаған бір

ҒҰМЫРЫН СПОРТҚА АРНАҒАН...

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында білім беру жүйесі жетекші рөл атқарады. Білім саласының мамандары жұмыс жоспарына сәйкес мақсат-міндетін айқындап, оны жүзеге асырумен ерекшеленеді. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан» деп Абай атамыз айтқандай, білім беріп, тәрбиелеген шәкірттер өмірден өз орнын тауып, биік белестерден көрініп жатса, ұстаз үміті ақталып, еңбегінің қайтқаны. Тәуірбек Алишарипов алдына осындай мақсат қойып, талай шәкірттің шамшырағын жақты. Бүгінде салауатты ұрпақ тәрбиелеуде тынымсыз еңбек еткен ұлағатты ұстазды спортсүйер қауым жақсы біледі.

Ол 1955 жылы 18 тамызда Дәуімбай елді мекенінде дүниеге келген. Аудандағы №123, №202 мектептерінде білім алған. Жастайынан спортқа бейім Тәуірбек 8 жасынан бастап еркін күрес үйірмесіне қатысқан. Спортпен шыңдалған жас жігіт еркін күрестен жарыстарға қатысып, бірнеше рет жеңіске жетті. Еліміздегі спорт мектептері арасында жүлделі орындарды жеңіп алып, 1973 жылы Қазақстан жасөспірімдер спорт мектептері арасында еркін күрестен ел чемпионы болды.

Ұлағатты ұстаз 1973-1975 жылдары Отан алдындағы борышын өтеді. Қайда жүрсе де спорттан қол үзбеді, Қарулы Күштер арасында еркін күрестен Орта Азиялық әскери күштер округінің жеңімпазы атанды.

Арман адамды алға жетелейді. Елге оралған соң ол білімділікті, мейірімділікті қажет ететін мұғалімдік мамандықты таңдады. Ұстаз – тұлғаны тәрбиелеп қалыптастырудың бағбаны. Жас ұрпақты арман жолына жетелейтін білімнің қия шыңына көтеріліп, жүректің батырлығын, сезімнің ақылдығын, мінездің жайлылығын, адам бойындағы асыл қасиеттердің жиынтығын қалыптастыратын ұлы қасиетке ие ұлағатты ұстаз болуды армандады. 1979 жылы Тәжікстандағы мемлекеттік дене шынықтыру институтына оқуға түсіп, түрлі жарыстарға қатысқан ол еркін күрестен ел чемпионы

болды. Сөйтіп Бүкілодақтық спорт жарыстарында жамбасы жерге тимей, жүлделі орындарды иеленген жеңімпаз жігіт еркін күрестен спорт шебері атағын қорғап шықты. Тәжік мемлекеттік дене шынықтыру институтын бітірген ол Жалағаш аудандық жасөспірімдер спорт мектебінде еркін күрестен жаттықтырушы болып еңбек жолын бастады. Аталған мектептің оқу ісінің меңгерушісі қызметін абыроймен атқарып, әріптестері арасында құрметке бөленді.

Тәуірбек – спорттың еркін күрес түрінен жоғары дәрежелі жаттықтырушы. Оның жетекшілігімен аудан, облыс, республикалық жарыстардың жеңімпаздары, спорт шеберлері мен спорт шеберлігінен үміткер жүзден астам дәрежелі спортшы дайындалды. Қазіргі таңда шәкірттерінің көпшілігі спорт саласында қызмет етіп жүр. Солардың ішінде ел намысын қорғаған жеңімпаз палуандар С.Дүйсекенов, Қ.Өлментаев, Д.Әуесбаев, А.Сүндетбаев, М.Өлайдаров секілді шәкірттерімен мақтанады.

Ол Жалағаш аудандық «Қайрат» ерікті спорт қоғамының төрағасы қызметінде жүріп ауыл спортын дамытуға атсалысты. Кент орталығында, ауылдарда спорт алаңдарын, сауықтыру орындарының салынуына себепші болды, қазақша күрес, тоғызқұмалақ секілді ұлттық спорт ойындарын дамытуға үлес қосты. Жыл сайын аудандық «Алтын күз» спорткиадасында ұлттық спорт ойындарын, қыс маусымында балық аулау жарыстарын өткізу оның ұйымдастырушылық қабілетін, кәсіби шеберлігін көрсетсе керек.

Алматы қоныс аударған Тәуірбек Қ.А.Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназияның дене шынықтыру пәнінің аға оқытушысы, бірлестік жетекшісі қызметін атқарды. Оқушылар тақырыпты сапалы меңгеру үшін семинарлық сабақтарды, түрлі интерактивті әдістер мен технологияларды қолданды. Сабаққа қатысушылар экран арқылы спорт түрлерінің жаттығулар көрді. Олардың



әдістемелерін қолдану іскерліктерін меңгерді. Мектеп-гимназия аудандық, қалааралық жарыстарда жақсы нәтиже көрсетті. Мектепте спорттың он екі түрінен мектепшілік спорткиада жыл сайын өткізіліп тұрды. Сонымен қатар «Алматы қызғалдақтары», «Алтын күз», «Сымбат», «Баскетболдан директор кубогі», «Президенттік сынақ» атты спорттық іс-шаралармен бірге футбол, волейбол, стол теннисі, шахмат, дойбы, мылтық ату жарыстары өтті. Мектеп-гимназияның ұстаздары арасында үлгілі ұстаздар құрметіне спорттың 8 түрінен жарыс ұйымдастырылды. Сөйтіп білікті маман, ұлағатты ұстаз Алматы қаласы бойынша дене шынықтыру пәні мұғалімдері арасында әдістемелік әзірлемелер бағытында да 1-ші орын алды.

– Ұлттың жаны таза, санасы сау болуы тиіс. Ол үшін алдымен спортпен шұғылдану керек. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер спортына баса мән беру қажет. Бұқаралық спорт дамыған жерде ел абыройы асқақтай бермек – дейді Тәуірбек Мырзаханұлы бізбен әңгімесінде.

Ол 2014 жылдан бері қоғамдық негізде «Бейбітшілік Өлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің Алматы облысы бойынша өкілетті директоры болып қызмет атқарады. Білім және спорт саласындағы жеткен жетістіктері үшін Т.Алишарипов Бүкілодақтық кәсіп-одақтары спорт қоғамының, ҚР Ғылым министрлігінің, «Дене тәрбиесі» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының, «Бейбітшілік Өлемі» халықаралық

қазақ шығармашылық бірлестігінің төсбелгілерімен марапатталған. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінен «Құрметті спорт қызметкері», күрестен спорт шебері, ҚР білім қызметкерлерінің «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері.

Аға жаттықтырушы, ардагер ұстаз, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеп өсірген үлкен шаңырақтың тірегі десе де болады. Жұбайы Нарбу Бадашқызы – жоғары білімді инженер-технолог. Ұзақ жыл Жалағаш аудандық тұрмыстық қызмет көрсету орталығында қызмет көрсетті. Балалары да жоғары оқу орындарын тәмәмдап, өмірден өз орнын тауып, әр салада қызмет етеді. Үлкен ұлы Мақсұт – суретші, әрі заңгер. Қуанышы – құдық қорғау саласында жеке сот орындаушы. Айғанымы – мектепте ағылшын тілі пәні мұғалімі. Айбек Алматы қаласы әкімшілігінде қызмет атқарады. «Алма ағашынан алысқа түспейді» деген осы шығар, сірә. Бүгінде оның балалары да елдің ертеңіне қажырлы еңбек етуде.

Қазіргі таңда Тәуірбек – Алматы спорт қоғамында дене мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған спорт клубында тоғызқұмалақ, асық ату спорт түрлерінен жаттықтырушы. Өзінің ұйымдастыруымен тоғызқұмалақ үйірмесі ашылды. Аға жаттықтырушының ізденісі мен еңбегі еш кетпеді. Тоғызқұмалақ үйірмесінің мүшелері, мүмкіндігі шектеулі спортшылар ел чемпионатына қатысып, бірнеше рет жүлдемен оралды. Солардың қатарында тоғызқұмалақ ойынынан спорт шебері Қ.Қалқабев, Г.Шайқамзинова республикалық жарыстарға қатысып, ел намысын қорғап жүр.

Бір сөзбен айтқанда, құрметті спорт қызметкері Т.Алишарипов – өзінің білімімен, жұмыстағы кәсіби шеберлігімен, жақсы қасиеттерімен құрметке бөленген жан. Спорт саласында қырық жылға жуық қызмет етіп, ғұмырын спортқа арнаған ардагер жастар мен жасөспірімдерді тәрбиелеп, денсаулығын нығайтуға, бұқаралық спортты дамытып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға әлі де еңбек етуде.

Серік БЕРТАЕВ,
ардагер журналист

Акмешіт Акшамы

6 бет

Өһө... Өһө... Ой, құдай-ау, айналайын Сафура-ай, сенің-ақ еркелеуің қалмайды екен. Мойнымнан қыса бермеші, тұн-шықтырып жібердің ғой тегі. Өһө-өһө, әні, буындырып барасаң тура. Қолың темір ме өзі немене? Құлахмет ағайдың мұндай сандырағын бір жылдан бері естіп келемін, сондықтан болар, мен оның не сөйлеп, не қойып жатқанымен ісім де болмай өз жұмысыммен үнсіз шұғылдана беремін. Осы қаладағы бір заводқа инженер боп ауысқаннан кейін ауылдағы карт әкешешемді көшіріп келгенше, әрі үй алғанша деп бұл пәтерге уақытша орналасқан едім. Алғашқы жылы ол бұлайша сандырақтамайтын, кейінгі кездерде ауыр қасіретінің үстіне ауруы қосылды ма, түні бойы сандырақтап, тісін қайрап, мені өзіне қайта-қайта шақырумен болады. Өне, ол

үйде қала берді. Күйеуі мен кішкене қызын асырау үшін әйелінің жұмыс істеп, өзінің үйде отырып қалуы Құлахметтің жанын жеңілдей жеп, арқасына аяздай бағты. Бұрын мұндай жұмысқа үйренбеген Сафура үйге көбінесе қабақ шытып, ренжіп оралатын болды. Қызына да көңіл бөлмей, еңбектеп келген оны итеріп тастайтынды да шығарды. Құлахмет ағай өкпе-бауыры езіліп бара жатқандай тіл қаптастан үнсіз отыра беруге де үйренді. Енді оның тағдырынан бар тілейтіні Сафураның жұмыстан көңілді оралып, ренішсіз дастарқан жаюы еді. Құлахметтің мұндай бақытты кездері де болып тұрды. Сонда ол жас балаша қуанып, бойын билеген шаттықтан жерде тұра алмай көкке ұшып кете жаздайтын. Кішкентай Нәзікеттің бүгінгі жасаған тентектігін қызықты болуы үшін үстемелей, өсіре айтып, оған Сафура езу тарта қалса, әйелінің өзімен көңілді

Құлахметтің мақсаты да орындалды — ол Нәзікетті өзіне біржолата қаратып алды.

Бірақ бұл да оның үмітін ақтай алмады. Қайта Сафурамен арақатынасын бұрынғысынан да шиеленістіріп жіберді. Ол енді Нәзікетті балалар бақшасына өткізіп, Құлахметтің соңғы алданышы, соңғы қуанышынан да айырды. Байғұс Құлахмет мұның бірде-біріне қарсылық білдіре алмады. Сафура алғаш рет балалар бақшасына тапсырғалы Нәзікеттің қолынан жетектеп бара жатқанда бауыр еті езіліп, іштей егіліп тұрған Құлахмет әйелінің соңынан есікке шейін келді де, естілер-естілмес етіп қана: «Сафура-ау, мен ше? Мен... мен не бітірмекпін?» деді. Сафура тіл қатқан да жоқ. Қызының қолынан жулқа тартып, қақпа есігін сарт еткізіп бір-ақ жапты. Жүрегіне тебен қалалғандай

қалды. Оның қуаныштан айғайлап та жібергісі келді, айғайлай алмады, күлгісі келді, күле де алмады. Орындыққа шегелеп қойғандай әйеліне қарап отырды да қалды.

— Папасы, сен неге қарсы алмайсың, Нәзікет келе жатыр, қане, амандас папан-мен, — деді Сафура қызын ішіке алып кірген соң Құлахметке қарай итеріп.

— Бар, бар, амандас енді. Нәзікет жүгіріп кеп папасының мойнына асыла кетті. Сол күн — Құлахмет үшін ең бақыт-ты күн еді. Оның жүрегі сол шексіз бақыт-тылықтан жарылып кетуге аз-ақ қалды. Кешкілік, Сафура хош иісін аңқытып пияз күйдіріп жатқанда екеуіміз бақ ішіне барып темекі тартуға отырдық.

Ол жөндеп сөйлей алмады. Сөйлеген күнде де тұзсыз илеген қамырдай сөздерінің басы бірікпеді. Оның көзінде



тозығы жеткен ағаш кереуетті сықырлатып, әлденені ұстап алмақ болғандай арық қолдарымен ауаны қармалап жатыр.

— Балапаным менің. Келсенші тезірек. Немене? Лента керек боп жүр дейсің бе? Көкешім менің, папаң саған лента сатып әпермегенде не бітіреді. Саған лента әпермесе бір құдайым ала қойсын оны. Келсенші өзің, маманды да ерте кел. Анау сандықтаңы іші толған сенің киімің... Ол күрк-күрк жөтелді де, сандырақтауын қойып, үнсіз қалды... Жасы қырықтардың ортасындағы Құлахмет ағайдың төрт бөлмелі шағын үйі қаланың түстік жағына таман шеткері орналасқан. Есігінің алдындағы бау-бақша жаз айларында құлпырып, жайнап кетеді. Оның ортасында кешқұрым бой жазып тынығатын шайла бар. Дәл осы арада темекіні булаттата сорып, қиялға шомып бір отырсаң өзінді тұманды қала ішінде емес, тау бөктеріндегі мәуелі бақша ішінде серуендеп жүргендей сезінесің. Оның ішіне жазғытұрым ұйық-тайтын бір кісілік керуетт қойылған. Күні бойғы жұмыстан қалжырап кеп кешкі сал-қында сол кереуетке шалқалай кетсең, шатыр үстін тұтастыра өскен шырмауық гүлдерінің арасынан көкпенбек аспанды көресің. Шашылып қалған мактадай әр жерде бұлттар жылжып бара жатыр. Батып бара жатқан күн сәулесінің әсерінен олар бояуға түсіп кеткендей қызғылттанып көзге шалынады. Салқын ауаумен кеудені кере дем алған кезде жаның рахат тауып, жадырап қаласың. Өмір сүріп жүргеніңе қуанасың. Құлахмет ағайдың айтуы бойын-ша бұл үй мен бау-бақша әкесінен қалған мұра көрінеді. Алматы бұрын Верный боп тұрған кезде Құлахметтің әкесі мешітке азаншы болған екен. Перзент дегеннен оның жалғыз ғана ұлы болады, ол — осы Құлахмет. Жас бала қалжасы жағынан әкесінен айнымайтын ұзын, әрі ашаң болып өсті. Оның табиғаты өзге балалардан мүлде бөлек еді. Үш жасқа келгенде әрен-әрен аяғын басып, алты жасында тілі шықты. Бұл баласынан күдер үзген Ескара екінші нәрестенің келуін күтті. Бірақ әйелінің екінші рет етегі қанамалы. Кей түндері Ескара: «Әй, болғаның осы-ақ па?» — деп сұрайтын әйелінен.

Жаратылысынан көп сөйлемейтін Танакүл бұл жолы да оның сұрағын жауапсыз қалдырып, ақырын ғана күрсі-ніп қоятын-ды. Құлахмет он бір жасында мектепке барды. Екінші класқа өткен жылдың қысында шешесі Танакүл қылтамақтан қайтыс болды. Оқуға деген ықыласы жоқ, әрі жасы келіп қалған бала әрмен қарай оқуды ар санап мектепті біржолата тастап шықты. Оны қанша үгіттегенмен ештене өнбейтінін аңғарған Ескара үш жыл өткен соң «өзім өліп кетсем бір-бірім жат боп кетер» деп баласын Орынбордағы інісінің үйіне ертіп әкелді. Інісінің үйінде екі айға жуық жатып, аралас-құралас болып алған соң Ескара жалғыз тұяғын кешіктірмей үйлендіргісі келетіндігін айтты. Інісі ағасының бұл тілегін қабыл алып, көршісінің үйіне Атбасардан қыдырып келіп жатқан Сафура деген қызды таныстырмақ болды. Сол ниетпен олар тағы бір айға кешігіп, ақыры Сафураны алып қашып келді. Сөйтіп жүргенде соғыс басталып Құлахмет майданда аттанды. Арада екі жыл өткен соң ол туған жерге қайтып оралды. Өзінің дімқашаған қарап, жайғамбар жасына жетіп өлсем, Алапаға айтар арызым жоқ дейтін Ескара тілегіне жетіп, дәлдегендей алпыс үш жасында дүние салды.

Қайнаған соғыстың ішінен шығып, әйтеуір елге аман жеткеніне қуанғанмен көп ұзамай-ақ Құлахметтің көңілін қайғы басты — ол ешқандай жұмысқа жарамдай. Ал айына алатын азын-аулақ жәрдем ақша үй ішінің тауқыметін арқалап кете алмады. Сонан соң Сафура театрға билет сатушы боп орналасты да, Құлахмет жеті айлық қызымен

сөйлесіп отырғанына шексіз шаттанып, көзі-нен су аққанша күлетін еді. Кей кезде әйелі мұнысын да жақтырмай «қойсаңшы, не деген орынсыз ыржакай бұл!» — деп шырт ете қалғанда, Сафураның осындай мінезінің ұшы шыға көрмесе етті деп қалт-құлт етіп отыраң Құлахметтің жүрегі дір етіп, онан әрі не істерін білмей сипалақтап, өзінен-өзі қызарып сала береді. Осылайша күндер өтіп жатты.

Жұмысқа араласып, өзін-өзі күткен соң, бұрыннан да ажардан кенде емес Сафура бой жеткен қыз сияқты құлпырып шыға келді. Сылқым жігіттердің талайы бұған басын иіп, отты көздерін қадап өтетін де болды. Театрда жүргенде талай-тайл шампандардың тығыны Сафураның құрметі үшін ашылып, мейрам күндеріндегі балда да көп жігіт онымен валыс билеуді армандады. Сафура бәрімен де таныса берді, бәрімен де шампан ішті, аппақ білегімен бәрінің де мойындарынан құшақтап жүріп бі биледі. Ол ешкімге қарсылық көрсеткен жоқ және де өзіне ықылас танытып жүрген жігіттердің қайсысы жақсы, қайсысы жаман, ол жағын да ой сарабына салып жатпады. Әйтсе де, Сафура олардың бірде-бірін ұнатқан жоқ. Осы кезге шейін ол күйеуім бар екен-ау деп ойламаса, енді өзге біреуді ұнататын кезі келіп жеткенде, кешкілік үйге оралып, күннен-күнге жүлеп бара жатқан Құлахметті көріп, жаманды-жақсылы өзінің тағдыр жазған күйеуі осы екенін еске алатын. Ал Құлахмет әйелінің барған сайын өзінен алыстап, жат болып бара жатқанын анық сезіп жүрді. Әйтсе де, әйелім мені ақыры бір күні тастап кетер-ау деген ойға оралмады, оралғысы да келмеді. Бұл жайлы ойлау оған сұмдық қорқынышты боп көрінді. Сөйте тұра ол Сафураны кінәалаған жоқ. «Ол адал ғой, ол мейірімді әйел ғой! Қай-қайдағы арам ой есіме қайдан түседі?» — деп керісінше өзін қаралайтын.

Кейде ол шалқасынан түсіп, Сафура-ның бұрынғысынан толықсып, ажарланып кеткенін, үйге келгенде өзін көзге де ілмейтінін еске түсіргенде, ішкі дүниесі өртеніп бара жатқандай сезінетін-ді. Ол өзі байқаған осы жәйттердің бәрін Сафураның алдына жайып салып, ерлі-зайыпты боп тұру-тұрмауларының басын біржолата ашып алғысы да келді. О баста әйеліне қарап ешқашан зекіп сөйлеп көрмеген Құлахмет, бұл жолы да, әсіресе, әйелі өзін біржолта билеп-төстеп алған шақта мұндай жәйттің ұшын да шығара алмады. Құдай-ау, осы ойын айтпақ боп қаншама рет оқталып көрмеді десесің! Бәрі де іске аспады. Сафура оған тіктеп қарағанда байғұс Құлахмет не істерін білмей тұла бойы қалшылдап, күні бойғы құрған жоспарының қайда ғайып болғанын сезбей де қалатын. Сафура Өзінің әйелі боп қала беретініне ақыры Құлахмет шек келтіре бастады. «Ол басқа күйеуге тиеді! Ол менің көзіме шөп салады! Жаратқан-ау, бұл неткен қорлық, неткен мазасқ! Сонда қалай ғана жер басып тірі жүрмекпін мен?» Жанын жеген азап пен қорлыққа төзбей, жаныарынан моншақ-моншақ жастың ыршып кеткенін өзі де байқамайтын.

Ендігі оның бар үміті — Нәзікетте ғана қалды. «Мүмкін, Нәзікетті тастап кете алмас, қанша дегенмен анасы ғой». Ол қызын жетектеп күн ұзақ қаланы аралатты, балмұздақ әнерлі, қайыққа мінгізді. Сонан соң бақ ішіндегі көгалға отырып, соғыс кезіндегі бастан кешкен уақиғаларын айтып берді. Нәзікетке ең бір әсер еткен нәрсе де осы еді. Әкесінің қорқынышты әңгімесінен денесі түршігіп, жаз қыз оған тығыла түсетін. Құлахмет сөзін бітіргенде Нәзікет: «Папа, папашым менің, өлмегенің қандай жақсы болған!» — деп оның мойнынан құшақ-тап, қыса түседі. Осындай кездердің бірін-де қызынан: «Айтшы, сен маманды жақсы көремісің, әлде мені ме?» — деп сұрайтын. Нәзікет мүдірместен: «Сені, папатайым, сені жақсы көремін» — деп жауап беруші еді.

Құлахмет селт ете түсті де, сол орнында тас мүсіндей қатып қала берді. Осыдан бастап ол көп сөйлемейтін болды. Ұзақты күнге қолына кетпенін алып, жалғыз қолымен бақшаны күтіп-баптаумен жүреді. Дем алмайды да, ісі де өнбейді. Тіпті, тамақ та ішпейді. Кейде мені қасына шақырып алып: «Қалай, жұмысың ауыр ма?» — деп сұрайтын еді. Ауыр болса да, жеңіл болса да «жоқ, қиын емес» деп жауап беремін. Сонан соң ол жеміс ағаштарына, тал арасынан шұрық тесік боп көрініп тұрған көгілдір аспанға қарайды. Ауыр бір дем алып болған соң: «Өне, көріп тұрсың ба, анау бір шие ағашының түбіндегі... жоқ, сен басқасымен шатастырғалы тұрсың, жабайы итмұрынның қасындағы емес, одан арырақ, сексеуіл сияқты арбиып өскен шие ағашының жанындағы алманы көріп тұрсың ба, дәл сол алманы Сафура екеуіміз үйленген кезде отырғызған едік. Онда... екеуіміз де жас едік... Сафуражан болса, періштедей сүйкімді, көктем құсындай жеп-жеңіл, үстіндегі шағаланың қанатындай ақ көйлегін кір шалмайтын шағы еді. Менің Сафурам әуел бастан-ақ нәзік қой, аппақ саусақтары сынып кетердей майысып шұқыр қазатын.

«Бе-еу, Сафуражан-ай, — дейтінмін, сен алақаныңды ойып аласың, маған бер, маған түк те етпейді. Сонан соң ол сынғыр етіп бір күлетін де, ағашты ұстап тұрушы еді. Мен топырақ тастаймын. Жүрші, мен ерінбей-ақ ағашты көрсетейінші саған». Құлах-мет екеуіміз әлгі ағаштың қасына барамыз. Ол алма ағашын алқанымен сипалап, «Сафуражан да кексе тартты, ол да өзгерді, — дейтін. Екеуіміз бақ ішіндегі сәкіге кеп отырып темекі тұтамыз. Ол тағы сөйлейді. Бақтағы барлық ағаштың тарихын айтып шығады. Бәрін де Сафурамен байланыстырып бітіреді. «Ол кезде оның періштедей сүйкімді, көктем құсындай жеп-жеңіл»... деген өзінің ең жақсы көретін, аузынан түспейтін сөзін қайталаумен болады. Ал Нәзікет жайлы сөз болса кенет қабағы салбырап, үн-түнсіз қалады.

Әйтсе де, ол әйелін өлердей сүйетін еді. Оның әрбір сөзінен, әрбір емеуірінен Сафураға деген шексіз махаббат лебі есіп тұратын-ды. Өрине, оның бұл махаббаты лыпылдаған асау сезім емес, жалыны өшкен, әйтсе де, сол жалыны о баста сөнбей тұрып Сафураға өзін біржолата байлап берген махаббаттың шаруы еді. Балапандарын жетілдіріп болған соң белгісіз жакқа пыр-пыр ұшқан құстың бос қалған ұясындай, дәл қазір оның да жүрегі «махаббат» деген ұғымынан бос қалған болатын. Ол ұя өзін жеп ұшырып, тал басынан домалатып түсіріп, біржолата тоз-тоз қылғанша баяғы бір бейқұна сүйкімді құстардың бір кездегі ыстық мекені ол есік береді. Сол сияқты махаббат деген сезімнен айырсыла да, «Сафураның жарымын» деген ойдан Құлахмет ажырамаған-ды. Мейлі, Сафура өзін мәңгі ұмытсын, басқа біреумен қол ұстасып-ақ кете берсін, Құлахмет бәрібір оны «Сафурам, көгершінім» деуден әсте айнымас еді.

Жаз айының тамылжыған таңғажайып бір күнінде Сафура үйге ойламаған жерден көңілдене кірді. Оған күлкі әдемі жарасатын. Күлген кезде оң жақ қасы сол жоғары көтеріліп, шиедей еріндерінің ар жағынан тізіліп аппақ та майда тістері көрінетін. Әлденеге шың ықылас танып беріле күлген кезіндегі екі алқаның шарт еткізе соққаны мен екі бетінің балбұл жайнап шыға келгеніне қарап, оны отыз жеті жастағы әйел деп ешкім ойламас еді, және әйел атауларының бәрі Сафураның дәл осы күліп тұрған шағындай болса, оларды өмірге әдемілік ұрығын себу үшін келген екен деп ойлап қалғандайсын. Дәл осындай сымбат пен осындай сүйкімділікпен үйге кіріп келгенде, қаужан-қаужан көшкі тамақ ішіп отырған Құлахмет ағай көмейіндегі тамағын әрі қарай жұта алмай түйіліп

төңіректеген жас бар еді. Мен оның не айтарын, ішкі дүниесінде нендей сезім булығып жатқанын анық сезіндім. Сондықтан оны сөзге тартқым келмеді. Ал Сафура Құлахметті қуаныш пен шаттыққа бөлеп, екі күннен соң Атбасарға, төркініне барып қайтатынын айтты.

— О, о не дегенің, о не дегенің ақылдым-ау! Бара ғой, бара ғой, туған-туысқаныңды көрме деп қалай айтпақпын саған. Жолың болсын. Бірақ көп кешікпе, күнім, сенсіз маған өмір жоқ екенін өзің де білесің ғой.

Сөйтіп, Сафура мен Нәзікет жолға шықты. Жаз өтіп, күз болды. Бірақ олар сол кеткеннен мол кетті. Сафураның қайта оралмайтынына менің көзім жетті. Осылай ойлаған кезде Құлахмет ағайға қатты жаным ашытын еді. Ол күннен-күнге жүдеп бара жатты. Бәлкім, ішкі дүниесі Сафураның бұл босағаны қайта аттамайтынын сезетін шығар. Әйтсе де, ол менімен сөйлескен сәттерде мұндай суық та, сұмдық ойдың ұшын да шығармайтын. Оның аласұрып сандырақтап, ұйқы көрмей шығатын түндері де осы кез еді.

Бір күні үйге келсем, ол бақ аралап жүр екен. Мені көрген сәтте жас балаша қуанып «бері кел, бері кел» деп шақырды. Оның қасына барған кезімде: «Қалай ойлайсың, мына жеміс менің көгершіндерім келгенше бұзылмайды ғой, ә?» — деді шелектегі ірі-ірі қызыл алмаларды көрсетіп.

— Өрине-өріне. Бәлкім, олар бүгін-ақ келіп қалар.

— А? Бүгін?

— Несі бар, бүгін келіп қалуы да ғажап емес қой.

— Оны сен қайдан білесің? Әлде хат келді ме? — Жо-оқ, жалпы, мүмкін дегенім ғой. — Жоқ, сен менен бір нәрсені жасырып тұрсың, немесе бүгін келіп қалатынын қайдан білесің. Айтсаңшы, жасырмасаңшы менен, олар анық бүгін келе ме? Сен білесің, білесің, Сапар, бірақ қайтер екен деп әдеіі айтпай тұрсың...

Көңілін жықпайтын деп жай айта салған сөзім оның бір сағат сөйлеуіне қамшы болды. «Құдай шыным, мен ештеңе де білмеймін» дегенді қанша рет қайталасам да, ол боз-баяғы «жоқ, жасырып тұрсың, сен білесің» дегенін көлденең тартумен болды. Менің анық ештеңе білмейтініме көзі жеткен соң, ол үнсіз қалды. Өлден соң бір қолыммен шелегін көтеріп, төргі үйге апарып төкті де, сол бойы қайтып шықпай қойды.

Мен ішке кірсем, ол үюлі алманың жанындағы сықырлауық кереуетте басын салбыратып төмен қарап отыр екен. Мазасы алғым келмей, өз бөлмеме кіріп кеттім. Сол түні екеуіміз сөйлескен жоқпыз. Ертесі-не, тұн жарымында ол есік қасты.

— Құлахмет ағай, бұл сізсіз бе?

— Иә, иә, менмін.

Оның үні баяу естілді. Мен орнымнан тұрып, есікті аштым.

— Сапар, сенен... темекі табылмай ма?

— Бар. Қажет болса бәрін алыңыз.

— Жоқ, маған бір-ақ талы жарайды.

Құлахмет кішкене стол үстіндегі сигареттен біреуін алып тұтатты да, үн қатпастан ұзақ тұрды. Сонан соң ойына әлдене түсе кетіп тез шықты да, артынша қайта кірді.

— Мынаны қарашы, — делі ол қолындағы қос жұдырықтай алманы көрсетіп.

— Қандай қып-қызыл. Батып бара жатқан күн сияқты.

Ол алмаға бір, маған бір қарап қойып, рахаттана күлді.

— Егер бар ғой, менің Сафурам болса осы алманың ішіндегі дәніне шейін жеп қояр еді. Ол қызыл алманы жанындай жақсы көруші еді. Тек, тезірек келсе екен, үй де қызыл алмаларға толып кетті. Тым болмаса хат жазып тұрса нетті! Ол сағынып жүр ғой, сөз жоқ қызыл алмасын сағынып

жүр. Терістікте қайдан қызыл алма таба қойсын ол, кім әкеп береді дейсің оған. Сен айтшы, менің Сафурам ақылды ғой,ә?

— Айтарыңыз бар ма?

— Ол қайтып келеді ғой.

— О не дегеніңіз, әріне келеді.

—Ehe-eh, жай айта салғаным ғой бұл. Өрине келеді, келеді маған. Ол мені жанындай сүйеді ғой, тек... жай зекіп қалады кейде... Бірақ ойында ешқашан арамдық болып көрген емес. Айтпақшы, мен бүгін Сафураға арнап бір туфли сатып алдым. Келгенде қандай қуанады десесің енді! Өкшесі бар ғой, тура менің сұқ саусағымдай. Көргің келе ме?

— Өкеле қойыңыз. Ол түпкі болмеге барып келді. Қолында әлгі айтқан біз өкше туфли.

—Тура менің Сафурама арнап тіккен

екен дерсің. Қандай тамаша! Ал ертен Нәзікетіме арнап көйлек аламын. Ол биыл оқиды ғой. «Папа маған киім керек» дегенде не айтпақпын, не демекпін оған. «Жоқ» дегенше жерге кіріп кете қоймаймын ба, сөйтпеймін бе, мен. Иә-иә, жерге кіріп кете қоймаймын ба? Токта, тыңдашы, біреу дүрсілдей ме?

Ол аузын сәл ашып, сыртқа құлақ түрді. — Құдай біледі бар ғой, біздің үйге біреу келе жатыр. Әні, аяқ басысы да әйелге ұқсайды.

Ол осыны айтты да, ентелей басып сыртқа шықты. Артынша мен де шықтым. Құлахмет ағай қақпа алдында тұр екен.

— Не болды, ешкім келмеп пе?

— Жоқ, — деді естілер-естілмес қана.

— Келмепті.

— Жүріңіз, үйге кірелік. Олар бәрібір түнде келмейді.

— Қалай дедің? Келмейді дедің бе?

Оның бұл үнінен ашу мен қапа байқалды.

— Им-м, жо-жоқ, Сафура апайды мен көптен білемін ғой, о кісі түнде жүруден қатты қорқады. Біз оны вокзалдан күтуге тиісті емеспіз бе?

— Туу, неткен ессіз едім, соған да мным жетпей тұрғанын қарай гөр енді. Өрине-өріне, менің Сафурам ете нәзік әйел. Қандай... қандай тауып айттың сен. Ол қорқақ болғанда бар ғой, тіпті, қатты жеп тұрса да қорқады.

Құлахмет ағай селкілдей күлді. — Осыдан бірнеше жыл бұрын, екеуіміз қала сыртында қыдырдық, содан ымырт жабылғанша қыдырдық. Сафураш нәзік әйел ғой, «Құлахмет, қайтайықшы» дей береді. «Жоқ, асықап» деймін мен. «Мен қорқамын. Бұдан әрі қыдырмаймын» деп ол отырып алады. Оның қасына мен де барып отырмамын. Мен өзім табиғаты сұреттей алмаймын ғой, әйтеуір сол күні аспан ашық, ауада айрықша бір жұпар ніс бар еді. Жер күз болсын, мен ондай иісті әлі кездестірген емеспін. Күн де біртүрлі алауаланып батты. «Туу, Сафура, қандай сұлу!» дейтінмін мен оның құлағына сыбырлағандай. Сол кезде Сафураның көмірдей кара шашына бетім тиіп кетеді. Қалай айтуға болады, әйтеуір, сондай сәттерде мен Сафураны құшып сүйе бергім, сүйе бергім келеді. Мен оның мактадай аппақ қолынан ұстаймын. Ол ақылды ғой, бетімді қайтармайтын, ұрыспайтын да. Сонан соң, мен оның қылдай белінен қақсыра құшақтап, өзіме тартамын. Ол абыржып, қарсыласқан болады. Шиеді ернін болар-болмас қимылдатып: «Құлах-мет, ұялсаң етті» дейді сыбырлап қана.

Сафурам ол кезде періште еді ғой, тура періштенің өзі болатын... Иә, айтпақшы, сөйтіп отырғанымызда Сафураның дәл қарасы алдына тіп басызан әлдененің сарт ете түскені. Жабайы мысық екен. Сондағы менің көгершінімнің қорыққанын көрсен өле-өлгенше ұмытпас едің. «Құлахмет!» деп маған асыла кетті. Жүрегі дүрс-дүрс етіп, кеудесін тесіп шығатын тәрізді. Міне, содан бері мен оның дүниедегі ең нәзік, ең қорқақ әйел екенін білгенмін. Жаңа сен дүрде айттың. Менің Сафурам, сөз жоқ, тұрды жүруден қорқады.

Біз екі сағатқа жуық әңгімелестік. Түннің едеуір мезгілінде оянас да ұйықмай ұйылай ашылып кетті. Өрі тас төбедегі толық ай күміс сәулесін жер әлемге барынша құйып тұр еді. Бак ішіндегі әрбір бұтаға шейін апы-апық көрінеді. Менің есіме былтырғы бір оқиға түсе кетті. Онда да дәл осындай айлы түн болатын. Бак ішіндегі шайлада ұзақ уақыт бойы кітап оқып жатып, қалай ұйықтап кеткенімді байқамаппын. Бір кезде бетіме тиген жыл-жылы, жұп-жұмсақ нәрседен оянып кеттім. «Бырс!» деп қолымды сілтеп қалғанымда алақамым әлдекімнің қолына соғылды.

Сұрағым бар...

ТАБЫСТЫ АЛМАСТЫРУ КОЭФФИЦИЕНТІНІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Халықаралық ұйымдар зейнетақының лайықтылығының маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде табысты алмастыру коэффицентін (ТАК) атайды. Бұл зейнетақы төлемдері мен қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейінгі жалақысының арақатынасын, яғни оның зейнетақысы жалақысын қаншалықты алмастыра алғанын көрсетеді.

Айта кету керек, ТАК– бұл мақсатты бағдар, оның мәні әр қызметкер үшін бірегей және оның еңбек табысы мен өтіліне, зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы шотына аударудың жүйелілігі мен толықтығымен тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін 2030 жылға дейін модернизациялау тұжырымдамасында зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі кемінде 35 жыл және аударымдардың жүйелілігі жылына 12 рет болған кезде жиынтық зейнетақы төлемдерін еңбекақысының кемінде 40% деңгейінде (Халықаралық еңбек ұйымының стандарты) сақтау көзделген.

2024 жылы зейнеткерлік жасқа жеткен және зейнетақы төлемдерін (мемлекеттен ынтымақты және базалық, сондай-ақ БЖЗҚ-дан жинақтаушы зейнетақы) ала бастағанБЖЗҚ салымшыларыныңзейнетақының барлық түрлерін қосқандағы төлем жиынтығының алмастыру коэффиценті жалақының орташа деңгейінің 41%-дан астамын құрады.

Дамыған елдерден бөлікап отырғанымыздай, алдағы уақытта зейнетақының басым бөлігі жинақтаушы зейнетақыдан құралады. Отандық жинақтаушы зейнетақы жүйесі адамның еңбек жолының толық кезеңі саналатын өзінің шамамен 40 жылдық циклына әлі жеткен жоқ. Осыған байланысты зейнетке шыққандардың жинақтау жүйесіндегі өтілі өзірге жеткіліксіз. Сонымен қатар, жинақтаушы жүйені енгізудің алғашқы жылдары табыстың төмен болуы, жарналардың уақылы және толығымен аударылмауы өз әсерін тигізді. Сондықтан қазіргі зейнетақы төлемдерінде ынтымақты зейнетақының үлесі жоғары, дегенмен жылдан-жылға азайып келеді.

Ақтуарлық есептерге сәйкес болашақта еңбек жолын 2024 жылы бастаған (22 жасында) және 2065 жылы зейнетке шығатын салымшылардағы жинақтаушы зейнетақы есебінен алмастыру коэффиценті олардың табысының кем дегенде 35%-ын құрайды. Бұл ретте жинақтаушы зейнетақы қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ)есебінен қалыптастырылады. Бұған қоса азаматтар мөлшері БЖЗҚ-ға МЗЖ аударымдарының өтіліне байланысты болатын базалық зейнетақы алады. Мұндай қызметкерлердің ынтымақты зейнетақы алуға құқығы болмайды.

Қазіргі уақытта БЖЗҚ әрбір салымшы үшін

орташа айлық табысты алмастыру коэффицентін есептеуді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер негізінде заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

Біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және/немесе емдеуге пайдалану үшін ТАК қалай есептеледі?

Төмендегі шарттардың бірі сақталған жағдайда БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдардың біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) алуға құқылы екенін атап өткен жөн:

- Зейнетақы жинақтары ең төменгі жеткіліктілік шегінен асса
- Болашақ зейнетақы (ынтымақты және базалық) ағымдағы табыстың кемінде 40%-н құраса
- Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шарты жасалса.

Заңнамада ТАК есептеу алгоритмі келесідей бекітілген:

Ай сайынғы зейнетақы (тағайындалған күнгі базалық+ынтымақты) алушының соңғы 5 жылдағы (зейнеткерлікке шыққанға дейінгі) орташа айлық табысына (ОАТ) бөлінеді. ОАТ шамасы инфляцияны ескере отырып түзетілген 5 жыл ішіндегі оның нақты міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) туралы деректер негізінде есептеледі және республика бойынша орташа айлық табыспен шектеледі.

ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАРДЫҢ ЖАҢА ТОПТАМАСЫ

Өлеуметтік медициналық сақтан-дыру қоры медициналық көмек алу мәселесі бойынша жиі қойылатын сұрақтардың жаңа топтамасын дайындады. Олардың басым бөлігі сақтандыру мәртебесіне қатысты.

Елімізде МӘМС жүйесі 2020 жылдан бастап енгізілді және амбулаториялық көмектен бастап, күрделі хирургиялық операцияларға дейінгі кең ауқымды медициналық қызметтерді қамтиды. Дегенмен, қазақстандықтардың көпші-лігі сақтандырылғанына қарамастан, мәртебе мен медициналық көмек алу мүмкіндіктеріне қатысты сұрақтар әлі де туындайды.

«Әрбір азамат МӘМС жүйесінің қалай жұмыс істейтінін түсініп, өз құқықтарын пайдалана білуі маңызды. Біз халықты мазалайтын және жиі қойылатын сұрақтарды жинап, оларға нақты әрі түсінікті жауаптар беруге тырыстық», – деп атап өтті Өлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

- Мен жақында ресми жұмысқа орналастым. Енді МӘМС қашаннан бастап күшіне енеді?

- Сақтандырылған мәртебесі қа-тарынан 12 ай (өткен немесе алдағы) үшін тұрақты төлем жасалған жағдайда беріледі. Егер сіз бұған дейін ресми жұмыс істемесеңіз, жұмыссыз ретін-де жеңілдік санатына кірмесеңіз және төлемді жеке төлеуші ретінде жасамаған болсаңыз, онда жұмысқа орналасқан күннен бастап бір жыл өткен соң сақтандыру мәртебесі беріледі. Егер осы кезеңге дейін МӘМС бойын-ша медициналық көмек қажет болса, онда өткен 12 ай үшін төлем жасап, сақтандыру мәртебесін алуға болады.

- Жақында несие алмақ болып едім, жұмыс берушім мен үшін төлем жасамайтынын білдім. Алайда жалақымынан жарна ұстап жүр екен. Бұл маған қалай әсер етеді және не істеуім керек?

- Егер сіз ресми түрде жұмыс істеп жүріп, жалақыдан жарна ұсталғанымен, жұмыс беруші Қорға төлем жасамаса, сіздің атыңыздан МӘМС жүйесінде қарыз жиналады. Соның салдарынан сіздің сақтандырылған мәртебеңіз жой-ылып, сақтандыру пакетіндегі қызмет-тер – салалық дәрігерлердің кеңесі, диагностикалық тексерулер, жоспарлы операциялар және т.б. – ала алмайсыз. Бұл жағдайда өз ұйымыңыздың бухгалтериясына жүгініп, төлемдердің неге жасалмағанын анықтауыңыз қажет. Мүмкін төлем дұрыс жүргізілмеген

шығар немесе техникалық қате кеткен болар. Егер бұл жұмыс берушінің жауапсыздығынан болса, онда сіз мем-лекеттік кірістер органдарына немесе еңбек инспекциясына шағым түсіріп, өз құқықтарыңызды қорғай аласыз.

- Мен шетелде жүріп, бірнеше ай елде болмадым. Енді МӘМС бойынша емделуім керек. Мәртебеімді қалай қалпына келтірсем болады?

- Егер сіз бұған дейін тұрақты түрде жарна төлеп, сақтандырылған болсаңыз, онда өткізіп алған кезең үшін қарызды өтесеніз жеткілікті. Өткен 12 ай үшін төлем болған жағдайда мәртебе қайта беріледі. Өткен бір жылдағы төлемдердің бар-жоғын Өлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми сайтынан (<https://msgory.kz/ru/>), Qoldau 24/7 мобильді қосымшасынан немесе Telegram желісіндегі Saqlandyru-bot арқылы тексеруге болады.

- Мен басқа қаладан көшіп келдім. Жаңа мекен-жай бойынша емханаға қалай тіркелемін?

- Емханаға тіркелу электрондық үкімет порталы арқылы (https://egov.kz/cms/ru/services/child/494pass_mz) тиісті мемлекеттік қызмет шеңберінде жүзеге асырылады. Алдымен өзіңіздің тұратын аумағыңыз қай емханаға қарайтынын анықтау қажет. Мұны аймақтық анықтама қызметі арқылы білуге болады (мысалы, Астанада – 109 нөмірі). Содан кейін порталда авторизациядан өтіп, «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басыңыз. Ашылған терезеде өтінімді толтырып, оған ЭЦҚ көмегімен қол қою қажет. Жеке кабинетте (қызметтер алу тарихы бөлімінде) өтіңіміңіздің қаралуы жөнінде хабарламамен танысуға болады. Қызмет көрсету мерзімі өтіп кетсе, сіз тіркелуге сұраныс жіберген медициналық ұйымға тікелей жүгіне аласыз. Тіркеуден бас тартпас үшін алдын ала емханада бос орындардың бар-жоғын нақтылап алған жөн.

- Мен жүкті әйелмін, жеке гинекологқа қаралып жүрмін. Скринингтерді МӘМС арқылы тегін өте аламын ба?

- Иә, скринингтік тексерулер, соның ішінде пренаталдық скрининг те МӘМС пакетіне кіреді. Сондай-ақ жүкті әйелге зертханалық талдаулар, құралдық диагностика, бейінді мамандардың кеңесі де қолжетімді. Медициналық бақылаудан дер кезінде өту үшін тіркелген емхананызда жүктілік бойынша есепке (12 аптаға дейін) тұру қажет.

БУЫНДАРДЫ ЭНДОПРОТЕЗДЕУ – МӘМС АРҚЫЛЫ ТЕГІН

Қызылорданың көпбейінді қалалық ауруханасында жыл сайын тізе және жамбас буындарын алмастыру бойынша 100-ге жуық ота жасалады. Хирургиялық араласудан бастап медициналық оңалтуға дейінгі барлық емдеу кезеңдері МӘМС жүйесі арқылы сақтандырылған азаматтарға тегін қолжетімді.

Қызылорда қаласының тұрғыны Айнагүл Қунарова тізе буындарының ауырсынуынан он жыл бойы зардап шеккен. Диагноз – остеоартроз. МӘМС аясында пациентке жоспарлы түрде тізе буынына эндопротездеу отасы жасалды.

– Ауруханаға Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы түстім. Сол аяқтың тізе буыны алмастырылды. Ауырсыну басылды, жағдайым жақсы. Қазір оңалтудан тегін өтіп жатырмын, алда – екінші кезеңі. Баршаға МӘМС жүйесінде сақтандырылуға кеңес беремін, барлық медициналық көмек қолжетімді болады, – деді Айнагүл Қунарова.

Эндопротездеу – ең жиі жасалатын ортопедиялық оталардың бірі. Бұл отада зақымдалған буын жасанды имплантпен алмастырылады. Аталған жоғары технологиялық оталар Өлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаты есебінен қаржыландырылады.

– Біздің ауруханада жыл сайын МӘМС аясында осындай 100-ге жуық ота жасалады. Бір отаның құны – шамамен 1,6 млн теңге. Отадан кейін пациенттер стационарлық оңалтудан өтеді. Бұл қызметтердің барлығы МӘМС жүйесі арқылы тегін қолжетімді, – деп атап өтті көп бейінді қалалық аурухананың травматолог-дәрігері Еркебулан Молданазаров.

Қай ауыл-аймаққа барады?

“Мобильді кеңсенің” әрсапары алдын ала жоспарланады. Қай күні, қай ауылға баратыны жергілікті әкімдікпен келісіліп, тұрғындарға алдын ала хабарланады. Кеңсе таңғы 09.00-ден кешкі 18.00-ге дейін жұмыс істейді. Бұл ауыл тұрғындарына ыңғайлы болса, БЖЗҚ мамандары үшін әр адаммен тікелей байланыс орнатудың таптырмас жолы.

“Мобильді кеңсе” еліміздің 13 өңірінде жұмыс істейді: **Ақмола, Ақтөбе, Жетісу, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Түркістан** облыстары.

“Мобильді кеңсе” жобасы қаншалық тиімді?

“Мобильді кеңсе” жобасы іске қосылған 6 жылдан астам уақыт ішінде БЖЗҚ мамандары 5100 елдімекенге барып, 616 000 адамға қызмет көрсетіп үлгерді. Қор қызметіне, зейнетақы жүйесіне қатысты 213 000 ақпараттық таныстырылым өткізілді. Оған 5,3 миллион адам қатысты

2024 жылы Қызылорда облысы бойынша 78 елді мекенде 42 605 адам БЖЗҚ-ның 1 776 жылжымалы таныстырылымдарына қатысты.

“Мобильді кеңсе” жобасы – жай ғана жүйе емес, “БЖЗҚ” АҚ миссиясының бір бөлігі. Осылайша Қазақстанның әрбір тұрғыны үшін ашық, сапалы әрі қолжетімді зейнетақы жүйесін қалыптастыруға тырысамыз. Қай жерде тұратыныңызға қарамастан, өзіңізге қажет қызметті кәсіби түрде алғаныңызды қалаймыз”, – дейді Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мамандары.

Айта кету керек, зейнетақыға қатысты кеңес, көкейіңізде жүрген сұраққа жауап алу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың немесе “Мобильді кеңсе” көлігін күтудің қажеті жоқ. Қор мамандарына қашықтан да хабарласуға мүмкіндік бар. Ол үшін мына әдістердің бірін қолдануға болады:

- 1418 нөмірі** — Қазақстан бойынша тегін байланыс желісі; **-enpf.kz** сайты арқылы электронды өтініш жазу;
- WhatsApp, Telegram, Facebook, Viber, ВКонтакте мессенджерлері арқылы;
- Онлайн чат (enpf.kz);
- YouTube, Instagram, Facebook, X (Twitter), ВКонтакте, Одноклассники арқылы.

ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА: 2025 ЖЫЛҒЫ 1 ШЛДЕДЕГІ НЫСАНАЛЫ ЖИНАҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 2024 жылғы 1 ақпаннан бастап **14,86 млн** АҚШ доллары сомасына **117 495** өтініш орындалды (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында **9,20 млн** АҚШ доллары сомасына **71 488** өтініш, білім беру ақысын төлеу үшін **5,66 млн** АҚШ доллары сомасына **46 007** өтініш орындалды. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды (НЖ) алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы, пайдаланымпаған қалдық нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (9,00 млн АҚШ долларына 69756 өтініш орындалды), тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарзын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу – 66,52 мыңнан сәл астамын АҚШ долларына 551 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 49,84 мың АҚШ долларына 436 өтініш.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (5,04 млн АҚШ долларына 40 517 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (454,21 мың АҚШ долларына 4 040 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (131,38 мыңнан астам АҚШ долларына 1

166 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі **толық ақпаратпен enpf.kz** сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық табысының 50% жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған 18 жасқа толмаған Қазақстан Республикасының азаматтары арасында бөлінеді. 2023 жылы барлық НЖ алушыларына **100,52 АҚШ доллары**, 2024 жылы **129,38 АҚШ доллары** есептелді. 2006 жылы туғандарды қоспағанда, 2023 жылы Ұлттық қордан алғашқы қаражат алған балаларға биыл**3,04 АҚШ доллары мөлшерінде инвестициялық табыс**есептелді. Нәтижесінде, 2006 жылы туған баланың нысаналы жинақтары **100,52 доллар**, 2007 жылы туған баланыкі – **232,94 долларды** құрайды.

Көмелетке толған азаматтар БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы өз НЖ-тарын дербес қадағалап отыруы тиіс, содан кейін уәкілетті операторға АҚШ долларында банктік шот ашу және тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу үшін НЖ төлеуге онлайн-өтініш беру үшін **жүгінуі тиіс**.

kids.enpf.kz сайтында және БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында Бағдарламаның шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулықтар алып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап алуға болады. Сондай-ақ, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала көмелетке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейне нұсқаулықты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында <https://www.youtube.com/watch?v=a9L8N4Q280M>сілтемесі бойынша көруге болады.

БАҚЫЛАУ КӨП БОЛСА, ЖҰМЫС САПАЛЫ БОЛАДЫ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орын-басарлары, облыстық мәслихат төрағасы, аппарат басшысы, қала әкімі Н.Ахатов Қызылорда қаласындағы құрылыс нысандарын аралады.



Олар алдымен сол жағалауда бой көтерген көпқабатты тұрғын үйлердің құрылыс алаңына барды. Қазіргі уақытта нысандардағы ішкі әрлеу және сырлау жұмыстары толық

аяқталып, аулаларды абаттандыру, көгалдандыру, жарықтандыру және инженерлік желілер тарту қарқын алған.

Одан кейін “Жайлы мектеп” ұлттық жобасы аясында құрылысы жүргізіліп жатқан білім нысандары тексерілді.

Солардың бірі – СПМК-70 шағын ауданында бой көтерген 1500 орындық заманауи мектеп. Бас мердігер «Integra Construction KZ» ЖШС. Құрылыс алаңында 150 инженер мен



техникалық маман еңбек етуде. Арай шағын ауданында 1500 орындық тағы бір мектептің құрылысы жүргізілуде. Бас мердігер – «АБУ-СЕР» серіктестігі. Нысанда сыртқы әрлеу жұмыстарының басым бөлігі аяқталған, ғимарат ішінде әрлеу мен инженерлік жүйелерді орнату жұмыстары жалғасуда. Құрылысқа 191 адам тартылған. Қызылжарма шағын ауданында «Асар» серіктестігі 600 орындық жаңа мектептің құрылысын жүргізуде. Қазіргі таңда ғимараттың шатыры мен терезелері орнатылып, сыртқы қасбетін әрлеу, бөлмелерді өңдеу, сондай-ақ су, электр және жылу жүйелерін тарту жұмыстары жалғасуда. Құрылыс алаңында 147 жұмысшы еңбек етуде. Мұнан бөлек ЖК «Тұмар» өндірістік аймағының, «Orhun Medical» медициналық орталығының жұмысымен танысып, 11 мың орындық жаңа стадион, коммуналдық базар мен Қызылорда – Жезқазған автомобиль жолының 2-12 шақырымының құрылыс барысы тексерілді. Президент саябағын қайта жаңғырту жұмыстары да назардан тыс қалмады.

КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ УАҚЫТША ШЕКТЕЛЕДІ

«Қызылорда-Құмкөл» автожолындағы көлік жолайрығында, яғни Жаппасбай батыр мен Сұлтан Бейбарыс көшелерінің қиылысындағы көпірде күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 29 шілдеден бастап көпірде жол қозғалысы шамамен 15 күнге шектеледі.

*** Биылғы жылдың 26 шілдесінен бастап М.Шоқай көшесінің С.Бейбарыс даңғылынан А.Айдосов көшесіне дейінгі бөлігінде жол жөндеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты жол қозғалысы уақытша шектеледі.

ЖАРЫҚ УАҚЫТША ШЕКТЕЛЕДІ



Қызылорда облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылығы басқармасы тиісті жөндеу жұмыстары кезінде ескі электр желілерінен жаңасына көшуге байланысты қаланың кейбір шағын аудандарында электр жарығының уақытша шектелуі орын алуы мүмкін деп хабарлайды.

Осыған орай ауыз су беру кезінде де оның қысымы төмендеуі мүмкін.

САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ БҰЗҒАНДАР АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

Қала әкімдігі жанындағы мобильді топ меншік нысанына қарамастан барлық тұрғындар мен кәсіпкерлердің жер учаскесі мен нысандардың айналасын таза ұстауын қадағалау бойынша рейд жүргізуде.

Бұл жолы мобильді топ мүшелері Мұстафа Шоқай көшесінің бойына құрылыс материалдарын шығарған тұрғындарға әкімшілік хаттама толтырып, айыппұл салды.

Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 25 шілдедегі №112 қаулысына сәйкес, барлық жеке және заңды тұлғалар үшін облыс аумағында абаттандыру қағидалары бекітілген.

Қағида талаптары: Әрбір тұрғын немесе кәсіпкер өз үйі мен нысанына іргелес аумақтың тазалығын қамтамасыз етуге міндетті. Іргелес аумақ – үй алдындағы тротуар, жол жиегі, гүлзар, қоршау маңы сияқты жерлерді қамтиды;



Бұл аумақтарда қоқыс тастауға, құрылыс қалдықтарын жинауға немесе санитарлық нормаларды бұзуға қатаң тыйым салынады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 505-бабына сәйкес, тазалық талаптарын сақтамаған азаматтарға ескерту немесе айыппұл қарастырылған. Сондай-ақ, үйге жапсарлас 5 метр радиустағы жердің тазалығы да меншік иесінің жауапкершілігіне кіреді. Тазалық – ортақ міндет!

“ТОҚМАҒАНБЕТОВТЕ” БАЛАЛАР ҮЙІРМЕСІ КӨП...

А.ТОҚМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖАНЫНАН ҚҰРЫЛҒАН ҮЙІРМЕЛЕРДІҢ САБАҚ КЕСТЕСІ

Р/с	Үйірме	Жетекшісі	Күні, уақыты
1	“Сыр сандуғаштары” ән үйірмесі	Бағдагүл Есмұрзаева 87058638070	Ср-Сн 10:00-12:00 14:00-16:00
2	“Қауырсын” жас ақындар үйірмесі	Мамыр Байдаулетов 87083768485	Апта ағымында 10:00-12:00 15:00-17:00
3	“Сөз маржан” көркемөз оқу шеберлігінің үйірмесі	Нұрсұлтан Сабыр 87471381301	Сс-Бс 10:00-12:00 15:00-16:00
4	Қылқалам” суретшілер үйірмесі	Ерғали Абишев 87772635827	Дс-Ср-Жм 8:00-10:00 16:00-18:00
5	“Орда Драй” заманауи би үйірмесі	Тұржан Сұлтанбек 87477403899	Дс-Ср-Жм 16:00-18:00
6	“Ақмарал” би үйірмесі	Ақмарал Қойшығұлова 87059600607	Дс-Ср-Жм 8:30-10:00 16:00-18:00
7	“Орда” спортты би үйірмесі	Анатолий Цой 87754695555	Сс-Бс-Сн 16:00-18:00
8	“Сырлы саз” халықтық фольклорлық ансамблі	Руслан Бурабай 87474800165	Сс-Бс 11:00-12:00 15:00-16:00
9	“Насихат” дәстүрлі жыр-терме үйірмесі	Жәнібек Жақсан 87768780068	Сс-Бс-Жм 9:00-11:00 15:00-16:30

«Сыр елі – Жыр елі» атанған қасиетті Сыр өңірінде 172 мәдениет үйі мен клуб халыққа қызмет көрсетеді.

Мәдениет ошақтарында Мемлекет басшысының «Адал азамат» Тұжырымдамасы аясында 2024 жылдан бастап 7 бағыт бойынша «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы жобасы жүзеге асырылуда. Арт уақыт, Кино-тайм, Сұқбат Time, Креативті хаб, Жаняу шуағы, Еріктілер тобы, Әлем-Book бағыттарында ұйымдастырылған мәдени шаралар саны 2,5 есе, көрермен саны 45%-ға артты.

Мәдениет үйлері мен клубтар жанынан жаңадан 139 шығармашылық үйірме ашылып, 1 мыңнан аса үйірмеге 15 мыңға жуық өнерпаз қамтылуда.

Р/с	Үйірме	Жетекшісі	Күні, уақыты
10	“Күй керуен” домбыра үйірмесі	Қалибек Ләззат 87758908225	Сс-Бс 11:00-12:00 15:00-16:00
11	“Ұлағат” әжелер ансамблі	Салтанат Қаймашева 87054484494	Дс-Ср-Жм 10:00-12:00
12	“Belcanto” ән үйірмесі	Асылбекова Далида 87476562774	Апта ағымында 10:00-12:00 15:00-17:00
13	“Бірлік” мәдени-үгіт бригадасы	Рауан Райымбек 87052157662	Апта ағымында 11:00-12:00 15:00-16:00
14	“Сықырлы айна” балалар қуыршақ театры	Ғалымжан Шәріпхан 87076748079	Апта ағымында 10:00-11:00 16:00-17:00
15	“Мереке – думан” әзіл сықақ отауы	Дулат Сағат 87715116313	Дс-Ср-Жм 15:30-17:00
16	“Асыл мұра” колөнер үйірмесі	Інжу Айтпенбетова 87022460788	Сс-Бс-Жм 09:00-13:00 15:00-18:00
17	“Мереке” вокалды аспапты ансамблі	Сәбит Ұлықпан 87772026676	Дс-Ср-Жм 15:30-17:00
18	“Арайлым” би үйірмесі	Ақмарал Қойшығұлова 87059600607	Дс-Ср-Жм 8:30-10:00 16:00-18:00

Шығармашылық тапсырыс бойынша сапасыз қызмет көрсеткені үшін жабылған кәсіпкерлік ұйымдардан босаған балалар мен жасөспірімдер де мәдениет ошақтары жанындағы үйірмелерге тартылды.

Үйірмелер – баланың дарынын ашып, өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыратын тамаша орта. Оларда домбыра, би, вокал, театр, сурет, қолөнер, мобилография және басқа да бағыттар қамтылған.

Қызылордалық талапкер жас өрендер үшін қаладағы Асқар Тоқмағамбетов атындағы қалалық Мәдениет үйі жанынан құрылған үйірмелердің сабақ кестесін жариялап отырмыз.

ЖОЛ ҰЗАРАДЫ



Парламент Сенатының депутаттары, «AMANAT» партиясының мүшелері Наурызбай Байқадамов пен Руслан Рүстемов, партияның облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов және қала әкімі Нұржан Ахатов бірқатар нысандарды аралап, құрылыс жұмыстарының барысын тексерді.

Қызылорда қаласындағы Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылы Сұлтан Бейбарыс көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейін кеңейтіліп, қайта жаңғыртудан өткен болатын. Осы ауқымды жобаның жалғасы Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылының келесі кезеңі ретінде Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі аралықта жаңа жол құрылысы жүргізілуде. Жоба аясында Сырдария өзенінің жиегіндегі қорғаныс бөгетін нығайту, 4 жолақты автомобиль жолының құрылысы мен ені 3 метр болатын жауа жүргіншілер жолы қарастырылған.

Сенаторлар жобаның әлеуметтік маңыздылығын атап өтіп, жауапты өкілдерге сапа мен мерзімді қатаң сақтау қажеттігін жеткізді.

КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ АРҚАУЫ

Әлемдегі кез келген тәуілсіз мемлекеттің ғасырлар бойы өз құнын жоғалтпай, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан заңдар жинағы болады.Осындай Ата заң біздің елімізде де, яғни Қазақстан Республикасында да ел тәуелсіздігін нығайту барысында қабылданды.

Заң – мемлекеттің алтын тұғыры. Мемлекеттің дамуы, ілгерілеуі осы тұғырдың мықтылығына тікелей байланысты. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, өз Тәукенің Жеті жарғысы секілді пәрменді заңдар кезінде қазақ елінің қуатты да күшті мемлекет болуының негізін қалағаны мәлім. Осыдан-ақ байырғы бабаларымыздың заңға бас игенін бағамдау қиын емес.

1995 жылдың 30 тамызы - тәуелсіз Қазақстанның тарихында алтын әріптермен жазылған ерекше күн. Осы күні қазақ халқы тарихи маңызды шешім қабылдап, өзінің бас құжаты Ата заңын қабылдады. Халықтық заң атанған Конституцияны дайындауға барша жұртшылық белсене атсалысты. Тағдыршешті қадам болғандықтан Конституцияны қабылдау бойынша өтізілген референдумға да жалпы жұртшылық бір ауыздан қатысып, басым бөлігі бүгінгі маңызды құжатты жақтап өз дауыстарын берді.

Ата заңда мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық деп дәйектелген. Соған сәйкес бас құжаттағы барлық игілік халық үшін, барша тетік азаматтардың қауіпсіз ортада татулық пен бірлікте тірілік етуіне бағытталған еді. Бас құжатты дайындау барысында халықаралық талаптар назарға алынып, ел тұрғындарының мүддесін қорғауға қатысты мүмкіндіктер толық ескерілгендіктен, Қазақстан Конституциясы туралы сарапшылардың пікірі оң. Әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі саналса да, біздің Ата заңымыз өзінің нақтылығымен, дәлдігімен көпшіліктің құрметін иеленген.

Мемлекеттің бүгіні мен болашағының жарқын болуы, ертеңгі күнге деген сенімнің мықтылығы Конституция нормаларының дұрыс сақталуына тікелей байланысты.

Қазақстанның Конституциясы тоғыз бөлім мен тоқсан сегіз баптан тұрады. Ата заңдағы ең алғашқы бапты: «Қазақстанның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»,

– деп басталуы халықтың сенімділігін арттырып, ертеңгі күнге деген үмітін нығайтады. Бас құжаттың адами құндылықты алдыңғы орынға шығаруы мемлекетімізде адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарының өте жоғары дәрежеде қорғалатынын көрсетеді. Мұндай заңдық тетік адамдық қадір-қасиетімізге қол сұғылмауының, тіліміз бен дініміздің дамуының, әр-ождан бостандығының қорғалатынының, адал еңбегімізбен тапқан мүлкіміз бен меншігіміздің сақталатынының айнымас кепілі.

Конституцияда адамның жеке өміріне, қадір-қасиетіне қол сұғылмайтыны, әркімнің өзінің және отбасылық құпиясының сақталатыны, абыройы мен ар-намысының қорғалатыны таңғырда бекітілген. Бұған қоса бұл заң еліміздің теңдігінің алтын тұғыры.

Себебі, Конституцияда дәйектелгендей Қазақстанда азаматтарды ұлтына, тіліне, дініне, біліміне, әлеуметтік жағдайына, жынысына, жасына байланысты кемсітуге жол берілмейді. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуы, әркімнің білікті заң көмегі алуға құқығының болуы да Қазақстан Конституцияның негізгі басымдығының бірі ретінде көрсетілген. Міне, Ата заңның тәуелсіздікпен бірге жасап келе жатуының сыры осында.

Мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтып, экономикалық реформаларды жүргізудің басты құралына айналған Ата Заңды тек мерейлі даталарда немесе Конституция қабылданған күні ғана еске алып, елеуі дұрыс емес. Еліміздің барлық заңнамаларының басында тұрған бұл құжатты кімдердің дайындағанын, сапалы заңнама әзірлеу барысында қандай іс-шаралар атқарылғанын үнемі ұрпақ жайында жаңғыртып отырған дұрыс. Еліміздің жастары Ата Заңдағы құқығы мен бостандығына кепілдік беретін әр бапты оқып, біліп өскені абзал. Себебі заңды білген ешқашан зардап шекпейді. Заңды оқыған, құқықтық құжаттардың мән-маңызына үңілген жастар өзі де заңды бұзбайды, өзгені де құқығын шектеп, бостандығына нұқсан келтірмейді.

ПАЗЫЛОВ БОЛАТ
Жаңақорған аудандық сотының судьясы